


МЕМЛЕКЕТТІК  
**АУДИТ**



**Нөмір тақырыбы:**

- ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫ:  
АЗИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАНКІ

**Тема номера:**

- НОВЫЙ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФИНАНСОВЫЙ ИНСТИТУТ:  
АЗИАТСКИЙ БАНК ИНФРАСТРУКТУРНЫХ ИНВЕСТИЦИЙ

**Cover story:**

- A NEW INTERNATIONAL FINANCIAL INSTITUTION:  
THE ASIAN INFRASTRUCTURE INVESTMENT BANK

## ЖАҢАЛЫҚТАР

### ЕСЕП КОМИТЕТІ

А. Горяинов  
Республикалық бюджеттен өңірлерге бөлінген трансферттерді қолданудың тиімділігі туралы

### РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯЛАР

А. Байдаулетова  
«Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында инвестицияларды тартудың тиімділігін бағалау

### НӨМІР ТАҚЫРЫБЫ

А. Нұрсейітов  
Жаңа халықаралық қаржылық институты: Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі

### ЗЕРТТЕУ

С. Жамышева  
Шет елдердің сәйкестік аудитін жүргізудегі ерекшеліктері

Ә. Қари  
Сыртқы мемлекеттік бақылау органдарының қызметі тәжірибесінде сараптамалық-талдамалық іс-шаралардың рөлі туралы

## 4 НОВОСТИ

4

### 8 СЧЕТНЫЙ КОМИТЕТ

8

А. Горяинов  
Об эффективности использования трансфертов, выделенных из республиканского бюджета регионам

32

### 11 РЕВИЗИОННЫЕ КОМИССИИ

11

А. Байдаулетова  
Оценка эффективности привлеченных инвестиций на территорию специальной экономической зоны «Астана – новый город»

35

### 14 ТЕМА НОМЕРА

14

А. Нурсейитов  
Новый международный финансовый институт: Азиатский банк инфраструктурных инвестиций

38

### 19 ИССЛЕДОВАНИЯ

19

С. Жамышева  
Особенности проведения аудита соответствия зарубежных стран

43

23

А. Кари  
О роли экспертно-аналитических мероприятий в практике деятельности органов внешнего государственного контроля

47

### ВОПРОС-ОТВЕТ

58

---

### COVER STORY

A New International Financial Institution:  
The Asian Infrastructure Investment Bank

53

« Қазақстанның жаңа даму банкіне қызығушылығы Евразиялық кеңістікте инвестициялық және инфрақұрылымдық ынтымақтастықты дамытуда.

*Интерес Казахстана к новому банку развития состоит в том, чтобы развивать инвестиционное и инфраструктурное сотрудничество на пространстве Евразии.*

*Interest of Kazakhstan in the new development bank relates to developing the investment and infrastructural cooperation on the Eurasian space.*



## ЖАҢАЛЫҚТАР • НОВОСТИ • NEWS

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ СЕРІК НӨГЕРБЕКОВТІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕСІ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАҒАЙЫНДАДЫ**

ҚР Мәжілісінің жалпы отырысында палата Төрағасы Қабиболла Жақыповтың ұсынысы бойынша, Серік Нөгербековті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы қаулы қабылдады.

**ҚР Парламенті Мәжілісі аппаратының баспасөз қызметі**



**МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА РК НАЗНАЧИЛ СЕРИКА НУГЕРБЕКОВА ЧЛЕНОМ СЧЕТНОГО КОМИТЕТА ПО КОНТРОЛЮ ЗА ИСПОЛНЕНИЕМ РЕСПУБЛИКАНСКОГО БЮДЖЕТА**

Мажилис Парламенті РК на пленарном заседании, по предложению Спикера Палаты Кабибуллы Джакупова, назначил Серика Нугербекова членом Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета.

**Пресс-служба аппарата Мажилиса Парламенті РК**



**ЕСЕП КОМИТЕТІНДЕ СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ ҮЙЛЕСТІРУ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

Үйлестіру кеңесінің жұмысына Қаржы министрлігінің өкілдері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тексеру комиссияларының төрағалары қатысты.

Отырысқа қатысушылар мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мәселесін талқылады.

Есеп комитетінің Төрағасы Қозыкөрпеш Жаңбыршиннің айтуы бойынша, Есеп комитеті Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы қағидаларын өзекті ету бойынша ұсыныстар әзірлеген.

Атап айтқанда, Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитеті инспекцияларының тексеру комиссияларымен өзара іс-қимылы процесін нақтылау, бақылау (аудит) нәтижелерін өзара тану тетігін регламенттеу, бірлесіп жүргізілген бақылау іс-шараларының қорытындысы бойынша материалдарды ресімдеудегі олқылықтарды жою ұсынылып отыр.

Қатысушылар жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыратын тексеру комиссияларының қызметіндегі өзекті проблемаларға айрықша назар аударды.

Есеп комитетінің Төрағасы стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың орындалуына бақылауды күшейту, жергілікті бюджет шығыстарының бақылаумен қамтылуын ұлғайту, бюджетке қаражаттың толық көлемде қайтарылуына қол жеткізу, тексеру комиссия-

ларының қызметін автоматтандыру деңгейін арттыру талап етілетінін атап өтті.

Қ. Жаңбыршиннің айтуынша, қажетті ақпаратпен жедел алмасуға қаржы, ұлттық экономика министрліктерінің, сондай-ақ басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграцияланған Есеп комитетінің құрып отырған ақпараттық жүйесі ықпал ететін болады.

Отырыс қорытындысы бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, олардың конструктивті іс-қимылын ұйымдастыруға, сондай-ақ Үйлестіру кеңесінің қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған бірқатар нақты шешімдер қабылданды.

Сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі Есеп комитетінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Кеңес қызметінің мақсаты анағұрлым өзекті проблемаларды алқалық талқылау арқылы жұмысты ұйымдастырудың бірыңғай принциптері мен әдіснамасы негізінде өзара тиімді іс-қимыл жасауға ықпал ету болып табылады. Кеңес құрамына Есеп комитетінің Төрағасы мен екі мүшесі, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының тексеру комиссияларының төрағалары кіреді.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

**В СЧЕТНОМ КОМИТЕТЕ СОСТОЯЛОСЬ ОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ КООРДИНАЦИОННОГО СОВЕТА ОРГАНОВ ВНЕШНЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ**

В работе Координационного совета приняли участие представители Министерства финансов, председатели ревизионных комиссий областей, городов Астаны и Алматы

Участники заседания обсудили вопросы повышения эффективности взаимодействия органов государственного финансового контроля.

Отмечено, что перед органами внешнего и внутреннего государственного финансового контроля поставлена общая задача – укрепление финансовой дисциплины, повышение эффективности использования бюджетных средств. В этой связи, отдельные вопросы, препятствующие их эффективному взаимодействию, должны устраняться путем принятия совместных согласованных решений.

Ожидается, что многие из имеющихся в деятельности органов государственного финансового контроля проблем, в том числе в части разграничения их компетенции и полномочий, будут решены с принятием Закона «О государственном аудите и финансовом контроле».

По словам Председателя Счетного комитета Козы-Корпеша Джанбурчина, Счетным комитетом выработаны предложения по актуализации Правил взаимодействия органов государственного финансового контроля.

В частности, предлагается конкретизировать процессы взаимодействия инспекций Комитета финансового контроля Министерства финансов с ревизионными комиссиями, регламентировать механизм взаимного признания результатов контроля (аудита), устранить пробелы по оформлению материалов по итогам проведенных совместных контрольных мероприятий.

Основное внимание участники уделили актуальным проблемам в деятельности ревизионных комиссий, осуществляющих внешний государственный финансовый контроль за исполнением местного бюджета.

Председатель Счетного комитета отметил, что требуется усиление контроля за выполнением стратегических и программных документов, увеличение охвата контролем расходов местного бюджета, достижение полного объема возврата средств в бюджет, повышение качества представляемых ревизионными комис-

сиями в Счетный комитет ежеквартальных отчетов о проделанной работе, а также уровня автоматизации и информационного обеспечения их деятельности.

По словам К. Джанбурчина, оперативному обмену необходимой информацией будет способствовать создаваемая информационная система Счетного комитета, интегрированная с информационными системами ревизионных комиссий, министерств финансов и национальной экономики, других заинтересованных государственных органов.

Подчеркнуто, что в целях повышения эффективности работы ревизионных комиссий, образованных в 2011 году, важен обмен опытом, знаниями с другими органами государственного финансового контроля, имеющими более продолжительный опыт деятельности.

По итогам заседания принят ряд конкретных решений, направленных на повышение эффективности

деятельности органов государственного финансового контроля, организацию их конструктивного взаимодействия, а также дальнейшее совершенствование деятельности Координационного совета.

Координационный совет органов внешнего государственного финансового контроля является консультативно-совещательным органом при Счетном комитете. Целью деятельности Совета является содействие эффективному взаимодействию на основе единых принципов и методологии организации работы, путем коллегиального обсуждения наиболее актуальных проблем. В состав Совета входят Председатель и два члена Счетного комитета, председатели ревизионных комиссий областей, городов Астаны и Алматы.

**Пресс-служба Счетного комитета.**

### ЕСЕП КОМИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Отырыс барысында ТМД елдерінің бір жоғары қаржылық бақылау органының оның басқа органына тексеріс жүргізуін регламенттейтін стандарттың жобасы қаралды. Осындай тексерістің негізгі мақсаты – ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттарға сәйкес қызметті жақсартуға ықпал ету.

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылауы (аудиті) органдарының қызметін сыртқы бағалау» стандартының жобасы Ереванда (Армения Республикасы) ү.ж. қазан айында өтетін ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ЖҚБО басшылары кеңесінің XV сессиясы отырысында қабылдау үшін енгізілетін болады.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заң жобасының ережелерін іске асыру үшін әзірленген Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының үйлестіру кеңесі туралы ереженің және

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиялары туралы үлгі ереженің жобалары қаралды.

Келешекте құрылатын Кеңес ішкі және сыртқы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылын реттейтін болады деп көзделуде.

Үлгі ереженің жобасында мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудитке көшуін ескере отырып, тексеру комиссияларының негізгі міндеттері мен уәкілеттіктері айқындалған.

Одан басқа, отырыста мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

### СОСТОЯЛОСЬ ОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ НАУЧНО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКОГО СОВЕТА СЧЕТНОГО КОМИТЕТА

В ходе заседания рассмотрен проект стандарта, регламентирующего проведение проверки одним высшим органом финансового контроля стран СНГ другим. Основная цель такой проверки – содействие в улучшении деятельности в соответствии с национальным законодательством и международными стандартами.

Проект стандарта «Внешняя оценка деятельности высших органов финансового контроля (аудита) государств-участников СНГ» будет внесен на утверждение на заседании XV сессии Совета руководителей ВОФК государств-участников СНГ в октябре в Ереване (Республика Армения).

Рассмотрены разработанные в реализацию положений законопроекта «О государственном аудите и финансовом контроле» проекты Положения о Коорди-

национном совете органов государственного аудита и финансового контроля и Типового положения о ревизионных комиссиях областей, города республиканского значения, столицы.

Предполагается, что создаваемый Совет будет регулировать взаимодействие органов внешнего и внутреннего государственного аудита и финансового контроля. В проекте Типового положения определены основные задачи и полномочия ревизионных комиссий с учетом перехода органов государственного финансового контроля на государственный аудит.

Кроме того, на заседании обсуждены вопросы повышения эффективности взаимодействия органов государственного финансового контроля.

**Пресс-служба Счетного комитета**

**2015 ЖЫЛҒЫ 9-10 ҚЫРКҮЙЕКТЕ МӘСКЕУ ҚАЛАСЫНДА (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ) ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЖОҒАРЫ ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ VII ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

Қазақстанның Есеп комитеті өкілінің төрағалық етуімен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы бақылау органдарының мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының кезекті отырысы өтті.

Отырысқа Беларусь, Қырғызстан, Молдова, Ресей және Тәжікстан елдерінің жоғары қаржы бақылау органдарының (ЖҚБО) өкілдері қатысты.

Ресейдің Есеп палатасы әзірлеген «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы

бақылау органдарының бірлескен және қосарлас бақылау, сондай-ақ сараптамалық-талдамалық іс-шараларды (аудиттерді) ұйымдастыруы және жүргізуі» стандартының жобасы қаралды және мақұлданды. Стандарт ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ЖҚБО-ларының бірлескен бақылау және сараптамалық-талдамалық қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ЖҚБО-ларының мемлекеттік қаржылық бақылау (аудит) стандарттарында қолданылатын терминдердің глоссарийлеріне оны бірлескен қызметте практикалық қолдану мәніне талдау жасалды.

Жұмыс тобы қызметінің перспективалары талқыланды. Қолданыстағы стандарттарды және әдіснамалық құжаттарды жетілдіру және жаңаларын әзірлеу қажеттілігі атап өтілді.

Аталған Жұмыс тобы 2010 жылғы қыркүйекте Ереван қаласында (Армения Республикасы) өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржы бақылау органдары басшылары кеңесінің X сессиясының шешімі бойынша құрылды.

Есеп комитеті Жұмыс тобы құрылған күннен бастап оған төрағалық етуде.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

**СОСТОЯЛОСЬ VII ЗАСЕДАНИЕ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО РАЗРАБОТКЕ СТАНДАРТОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ ВЫСШИХ ОРГАНОВ ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ ГОСУДАРСТВ-УЧАСТНИКОВ СОДРУЖЕСТВА НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ, Г. МОСКВА (РОССИЙСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ), 9-10 СЕНТЯБРЯ 2015 ГОДА**

Под председательством представителя Счетного комитета Казахстана состоялось очередное заседание Рабочей группы по разработке стандартов государственного финансового контроля (аудита) высших органов финансового контроля государств-участников СНГ.

В заседании приняли участие представители высших органов финансового контроля (ВОФК) Беларуси, Кыргызстана, Молдовы, России, Таджикистана.

Рассмотрен и одобрен разработанный Счетной палатой России проект стандарта «Органи-

зация и проведение совместных и параллельных контрольных и экспертно-аналитических мероприятий (аудитов) высшими органами финансового контроля государств-участников СНГ». Стандарт определяет порядок осуществления совместной контрольной и экспертно-аналитической деятельности ВОФК государств-участников СНГ.

Проанализирован Глоссарий терминов, используемых в стандартах государственного финансового контроля (аудита) ВОФК государств-участников СНГ, на предмет его практического применения в совместной деятельности.

Обсуждены перспективы деятельности Рабочей группы. Отмечена необходимость совершенствования действующих и разработки новых стандартов и методологических документов.

Указанная Рабочая группа образована по решению X сессии Совета руководителей высших органов финансового контроля государств-участников СНГ, прошедшей в сентябре 2010 года в г. Ереване (Республика Армения).

Счетный комитет председательствует в Рабочей группе со дня её образования.

**Пресс-служба Счетного комитета**



## ЕСЕП КОМИТЕТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН НИДЕРЛАНДЫ КОРОЛЬДІГІНЕН КЕЛГЕН ЖОҒАРЫ ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУ ОРГАНЫ САРАПШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен Нидерланды жоғары қаржы бақылау органдарының арасындағы байланысты нығайтуға мүдделі екендіктерін білдіріп, келешектегі әріптестік мәселелерін талқылады.

Қазіргі кезде Есеп комитетінің шет елдердің озық тәжірибелерін ескере отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін мемлекеттік аудитке көшіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатқаны атап өтілді.

Осыған байланысты, голландық әріптестер тиімділік, сәйкестік, қаржылық есептілік аудитін жоспарлау және жүргізу тәжірибелерімен бөлісті, сондай-ақ аудиторлардың біліктілігін арттыру және сертификаттау мәселелеріне тоқталды.

Кездесу соңында тараптар өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша жемісті ынтымақтастыққа сенім білдірді.



Нидерланды Есеп соты Нидерландының жоғары аудит органы болып табылады. 1814 жылы құрылған. Есеп сотының Президенті басқаратын Есеп соты кеңесі Нидерланды Өкілдері палатасының ұсынысы бойынша Корольдың Жарлығымен өмір бойына тағайындалатын үш мүшеден тұрады.

**Есеп комитетінің баспасөз қызметі**

## В СЧЕТНОМ КОМИТЕТЕ СОСТОЯЛАСЬ ВСТРЕЧА С ЭКСПЕРТАМИ ВЫСШЕГО ОРГАНА ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ КОРОЛЕВСТВА НИДЕРЛАНДОВ, ПРИБЫВШИМИ ДЛЯ ПРОВЕДЕНИЯ СЕМИНАРОВ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ РАБОТНИКОВ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ

В ходе встречи стороны выразили заинтересованность в укреплении связей между высшими органами финансового контроля Казахстана и Нидерландов, обсудили перспективы партнерства.

Отмечено, что в настоящее время Счетным комитетом проводится большая работа по переходу системы государственного финансового контроля на государственный аудит в соответствии с международными стандартами с учетом опыта передовых зарубежных стран.

В этой связи, голландские коллеги поделились опытом планирования и проведения аудита эффективности, на соответствие и финансовой отчетности, использования информационных систем при проведении

аудита, а также остановились на вопросах повышения квалификации и сертификации аудиторов.

В завершение встречи стороны выразили надежду на плодотворное сотрудничество по вопросам, представляющим взаимный интерес.

Суд счетов Нидерландов является высшим органом аудита Нидерландов. Образован в 1814 году. Совет Суда счетов, возглавляемый Президентом Суда счетов, состоит из трех членов, назначаемых пожизненно Королевским Указом по представлению Палаты представителей Нидерландов.

**Пресс-служба Счетного комитета**

## MEETING WITH EXPERTS OF SUPREME AUDIT INSTITUTION OF KINGDOM OF NETHERLANDS ARRIVED FOR CONDUCTION OF PROFESSIONAL DEVELOPMENT SEMINARS FOR EMPLOYEES OF PUBLIC FINANCIAL CONTROL BODIES WAS HELD IN ACCOUNTS COMMITTEE

During the meeting the parties expressed their interest in strengthening relations between Supreme Audit Institutions of Kazakhstan and the Netherlands and discussed prospect of partnership.

It was noted that at the present time the Accounts Committee carries out extensive work on transition of the public financial control system to public audit in accordance with the international standards taking into account experience of advanced foreign countries.

Due to this Dutch colleagues shared their experience of planning and conduction of performance, compliance and financial audits, use of information systems in audit and as

well touched upon issues of professional development and certification of auditors.

At the end of the meeting the parties expressed their hope for fruitful cooperation on issues of mutual interest.

Court of Audit of the Netherlands is a Supreme Audit Institution of the Netherlands. It was established in 1814. Board of the Court of Audit which is headed by the President of the Court of Audit consists of three members who are appointed for life by the Royal Decree on proposal of the House of Representatives.

**Press service of the Accounts Committee**



**ШЕТЕЛ ДӘРІСКЕРЛЕРІН ТАРТУ АРҚЫЛЫ  
ТӘЖІРИБЕЛІК СЕМИНАР ӨТКІЗУ.  
(НИДЕРЛАНДЫ КОРОЛЬДІГІНІҢ ЖОҒАРҒЫ  
ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНЫ)**

Есеп комитеті халықаралық ынтымақтастық шеңберінде «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК бірлесе Нидерланды Корольдігі Есеп сотының жетекші екі аудиторын, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру семинарларын ұйымдастырды.

2015 жылғы 15-18 қыркүйек аралығында Астана қаласында «Аудит сапасын бақылау» және «Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, бақылау іс-шараларын жоспарлау» деген тақырыптар бойынша семинарлар өтті.

Аталған семинарлар мемлекеттік қаржылық бақылаудың қолданыстағы жүйесін реформалау және озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік аудитке көшу жөніндегі іс-шаралар шеңберінде өткізілді.

Семинардың негізгі мақсаты Халықаралық жоғарғы қаржылық бақылау органдары ұйымы (INTOSAI) бекіткен, Халықаралық аудит стандарттарына (ISSAI) сәйкес ТБЖ қолдана отырып бақылау іс-шараларын жоспарлау және аудит сапасын бақылау әдіснамасымен таныстыру, Нидерланды Корольдігінің Есеп сотының ағымдағы қолданылатын тәсілдерін талқылау және аталған семинардың тақырыбы бойынша таңдаушылардың шеберлігін арттыру.

Семинардың теориялық бөлімі практикалық сабақтармен күшейтілді, тәуелкеді басқару жүйесін қолданып бақылау іс-шарасын жоспарлау және сапалық бақылау аудитін жүргізуде Нидерланды жоғарғы қаржылық бақылау органынан келген әріптестер өздерінің тәжіриберлерімен бөлісті, сондай-ақ аудитті жоспарлауда тәуелкеді бағалау бойынша мастер-класс өткізді.

Семинарға Есеп комитетінің, бірқатар облыстардың, Алматы қаласының тексеру комиссияларының, Сыртқы істер, Ұлттық экономика, Инвестициялар және даму, Қаржы министрліктерінің ішкі бақылау қызметтерінің қызметкерлері қатысты. Лекторлар ретінде Нидерланды Корольдігі Есеп сотының жетекші мамандары дәріс оқыды.

Семинар аяқталған соң өткен материалды меңгеру мәніне тестілеуден табысты өткен қатысушыларға сертификаттар тапсырылды.



**ПРАКТИЧЕСКИЕ СЕМИНАРЫ С ПРИВЛЕЧЕНИЕМ  
ЗАРУБЕЖНЫХ ЛЕКТОРОВ ВЫСШЕГО ОРГАНА  
ФИНАНСОВОГО КОНТРОЛЯ КОРОЛЕВСТВА  
НИДЕРЛАНДОВ**



Счетным комитетом совместно с Республиканским государственным предприятием «Центр по исследованию финансовых нарушений» в рамках международного сотрудничества организованы два семинара по повышению квалификации для работников системы государственного финансового контроля с привлечением двух государственных аудиторов из Суда Счетов Королевства Нидерландов.

Семинары по темам «Контроль качества аудита» и «Планирование контрольных мероприятий с применением системы управления рисками» прошли в городе Астана с 15 по 19 сентября 2015 года.

Названные семинары проведены в рамках мероприятий по реформированию действующей системы государственного финансового контроля и перехода на государственный аудит с учетом передового зарубежного опыта.

Целью семинаров было ознакомление с методологией проведения контроля качества аудита и планирования контрольных мероприятий с применением СУР в соответствии с Международными стандартами аудита (ISSAI), утвержденными Международной организацией высших органов финансового контроля (INTOSAI), обсуждение актуальных подходов их применения в Суда Счетов Королевства Нидерландов и приобретение слушателями навыков по данным темам семинаров.

Теоретическая часть семинаров подкреплялась практическими занятиями, на которых коллеги из Высшего органа финансового контроля Нидерландов поделились опытом проведения контроля качества аудита и планирования контрольных мероприятий с применением системы управления рисками, а также провели мастер-класс по оценке рисков при планировании аудита.

Обучение прошли работники Счетного комитета, ревизионных комиссий ряда областей, г. Алматы и служб внутреннего контроля министерств иностранных дел, национальной экономики, по инвестициям и развитию, финансов. В качестве лекторов выступили ведущие специалисты Суда счетов Королевства Нидерландов.

По завершении семинаров участники, успешно сдавшие тестирование на предмет усвоения пройденного материала, получили сертификаты.





А. ГОРЯИНОВ

Есеп комитетінің мүшесі

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТЕН ӨҢІРЛЕРГЕ БӨЛІНГЕН ТРАНСФЕРТТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Есеп комитеті бақылау - талдамалық қызметтерді жүргізген кезде бюджетаралық қатынастарға, соның ішінде Республикалық бюджеттен өңірлерге бөлінген трансферттерді қолданудың тиімділігіне үлкен көңіл бөледі.

Бірақ Есеп комитеті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан трансферттерді тиімді қолданудың, олардың орындарда толық игерілуі және жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін күшейтудің бақылауын қатаңдастырудың бюджетаралық қатынастар проблемасы осы күнге дейін шешімін таппай отырғандығын әлденеше рет көрсеткен.

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне (бұдан әрі – Бюджеттік кодекс) сәйкес бюджетаралық қатынастар республикалық және облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың трансферттері арасында реттеледі. Бюджет деңгейлері арасында трансферттер жалпы сипаттағы трансферттер, нысаналы ағымдағы трансферттер, дамуға арналған нысаналы трансферттер болып бөлінеді.

Бюджет деңгейлері арасындағы трансферттер бір бюджет деңгейінен басқасына өтеусіз әрі қайтарымсыз төлеулер болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдар нысаналы трансферттерді тек тиісті бюджеттік бағдарламаларда көрсетілген мақсатта пайдалануға сәйкес қолданулары қажет.

Мәселен, 2014 жылы республикалық бюджеттен өңірлерге бөлінген трансферттердің жалпы сомасы 2 167,4 млрд. теңгені құрады, соның ішінде дамуға бағытталған нысаналы трансферттер – 616,6 млрд. теңге, нысаналы ағымдағы трансферттер – 527,7 млрд. теңге және субвенциялар – 978,1 млрд. теңге.

2014 жылы трансферттердің жалпы көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 13,5 %-ға немесе 258 млрд. теңгеге көбейді.

Алайда, 2014 жылы дамытуға арналған нысаналы трансферттер сомасы алдыңғы жылмен салыстырғанда 16,5 %-ға (87,5 млрд. теңгеге), нысаналы ағымдағы трансферттер 11,3 %-ға (58,2 млрд. теңгеге) және субвенциялар 13,0 %-ға (112,3 млрд. теңгеге) артты.

Өңірлерді дамытуға арналған нысаналы трансферттер көлемінің ең көп Қостанай облысында – 51,5 %-ға, Алматы облысында – 37,8 %-ға, Павлодар облысында – 37,5 %-ға, Астана қаласында – 37,3 %-ға, Алматы қаласында – 27,6 %-ға, Жамбыл облысында – 28 %-ға артқаны байқалады.

Нысаналы ағымдағы трансферттердің көлемі ең көбі Атырау облысында – 55,9 %-ға, Оңтүстік Қазақстан облысында – 36,2 %-ға, Алматы қаласында – 33,1 %-ға, Маңғыстау облысында – 32,6 %-ға, Ақтөбе облысында – 23,7 %-ға артқаны көрінеді.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдігі 2014 жылы бөлінген 1 189,3 млрд. теңге нысаналы трансферттердің 3,4 млрд. теңгесін игермеген.

2015 жылдың 1-ші шілдесінде республикалық бюджеттен өңір бюджетіне 488,3 млрд. теңге көлемінде нысаналы трансферттер бөлінді, бұл 2014 жылдың тақылеттес мерзімімен салыстырғанда 96,7 млрд. теңгеге немесе 16,6 %-ға кем.

Жергілікті атқарушы органдар 2015 жылдың 1 жартыжылдығында 9,9 млрд. теңге нысаналы трансферттерді игермеген.

Айта кететін жайт, трансферттер өңірлерді асырауда болуға бағыттап, оларды өздерінің табыс әлеуетін толық пайдалануға ынталандырмайтын, жергілікті бюджеттің кірісін толтырып отыратын негізгі табыс көзі.

Мәселен, облыстар табысының елеулі үлесін республикалық бюджеттен келіп түсетін қаражат алып келе жатыр, соңғы жылдары олардың көлемі көп өңірде арту тенденциясына ие.

Мысалы, жергілікті атқарушы органдардың табыстарының 2014 жылғы қорытындысы бойынша өңірлердің табыстарында трансферттердің орташа үлесі 58,4 %-ды, 2013 жылы – 58,7 %-ды, 2012 жылы – 60,5 %-ды құрады.

Әлі күнге дейін Оңтүстік Қазақстан (82,7 %), Жамбыл (80,6 %), Солтүстік Қазақстан (78,2 %), Шығыс Қазақстан (70,0 %), Ақмола (69,2 %), Қызылорда (68,3 %) мен Қостанай облыстарының жергілікті бюджеттерінің көп үлесін трансферттер алады.

Есеп комитетінің Бақылау іс-шаралары бюджетаралық қатынастардың кемелсіздігі, орталық және жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдардың төмен жауапкершілігі бюджеттік және өзге де заңнама бұзушылықтардың өсуіне әкеліп соғатынын дәлелдейді.

Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде Есеп комитеті Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан мен Маңғыстау облыстарында кешенді бақылау іс-шараларын өткізді, соның ішінде маңызды мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыруға өңірлерге бөлінген трансферттердің қаншалықты тиімді қолданылып жатқандығы тексерілді.

Атап айтқанда, 2015 жылдың екінші тоқсанында Есеп комитетінің Шығыс Қазақстан облысына бөлінген республикалық бюджет қаражатын пайдалануға жүргізген бақылауы мен мемлекеттік қаржы бақылауының Стандарттарын сақтауда жалпы сомасы 41,5 млрд. теңге бюджеттік және өзге де заңнама бұзушылық фактілері мен сомасы 3,3 млрд.теңге болатын республикалық бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану анықталған.

2013-2014 жылдары жалпы сомасы 738,0 млн. теңге құрайтын республикалық бюджет қаражатын игеру қамтамасыз етілмеген, бұл бюджеттік қаражатты басқару мен бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік жүргізуде тиімділіктің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер көлемінің артуы жергілікті бюджеттің республикалық бюджеттің түсімдеріне тәуелділігінің артуын көрсетіп, салықтық әлеуетінің арттыруын ынталандыруға және өңір экономикасын өз қаржылық қаражатының арқасында дамытуға жағымсыз әсер етеді.

Облыста жергілікті бюджеттің қосымша түсім резервтерін анықтау бойынша жұмыстар жеткілікті тиімді жүргізілмейді. Соның салдарынан облыстағы кірістердің көп үлесін республикалық бюджеттің түсімдері алып келе жатыр.

2014 жылы трансферттердің үлесі 70 %-ды құрады немесе орта республикалық деңгейден 12 %-ға артық.

Экономика және бюджеттік бағдарлама басқармасында республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер бөлінген 132 инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға Шығыс Қазақстан облысының бюджетінен бірлесе қаржыландырудың көлемі 10 %-дан кем немесе 3,1 млрд. теңге қаржыландырылмағаны анықталды.

Есеп комитеті бақылаумен қамтылған 117,2 млрд. теңге бюджет қаражатында 10,3 млрд. теңге Бюджеттік кодекстің бұзушылықтары, 11,4 млрд. теңге «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» Заңының бұзушылықтары, 10,5 млрд. теңге, Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік

есеп және қаржылық есеп беру» Заңы мен 9,3 млрд. теңге жоспарлау мен қалыптастыруға байланысты бюджеттік өтінімнің бұзушылықтары анықталды.

Аса маңызды бұзушылықтар нысаналы ағымдағы трансферттердің пайдалануын тексеру кезінде анықталды.

Мәселен, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бөлінген нысаналы трансферттер нысаналы трансферттердің нәтижелері туралы Келісімге сәйкес – 28 км Ақсуат-Бөкей-Қарасу-Ақжар-Омбы-Майқапшағай» автомобиль жолдарын күрделі жөндеуге арналған 6,8 млн.теңге пайдаланылмаған.

Жол саласындағы жүзеге асыруға бөлінген Республикалық бюджеттен 2,2 млрд.теңге болатын бірқатар инвестициялық жобалар тоқтатылды. Мәселен, осы уақытқа дейін аяқталмаған, «Тарбағатай ауданындағы Ақсуат-Бөкей-Қарасу-Ақжар-Омбы-Майқапшағай» 51 км автомобиль жолының күрделі жөндеу» жобасы бес жыл бойы жүзеге асырылды, оның өзінде республикалық бюджеттен 2010-2013 жылдар аралығында 1,8 млрд.теңге шығындалды.

2013-2014 жылдары сумен қамтамасыз етудің желілерін салуға 1,5 млрд.теңге шығындалған үш облыс ауданының төрт ауылдық елді мекен тұрғындары сапалы ауыз сумен, тиісті санитарлық-эпидемиологиялық талаптармен қамтамасыз етілмеген.

Республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен барлығы 102,3 млн.теңгеге Тарбағатай ауданының Ақжар ауылының су құбырларының реконструкциялауын қаржыландыру жүзеге асырылды, бұл нысаналы трансферттердің нәтижелері туралы Келісіммен көзделмеген болатын.

Риддер қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі 2014 жылдың соңында пайдалануға берілген, жалпы сметалық құны 1,3 млрд. теңге болатын үш 60 пәтерлі тұрғын үй, құрылысы тек 2015 жылға жоспарланған инженерлік желілердің жоқтығынан, осы күнге дейін тұрғындармен қоныстанбағанын анықтаған.

Бесқарағай ауданының сәулет, құрылыс, ТКШ, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі жергілікті бюджеттен қаржыландыруға жататын Бесқарағай ауылындағы су құбырлары желілерін реконструкциялау жобасының 216,4 млн.теңге көлемінде өсу сомасы іс-жүзінде республикалық бюджеттен қаржыландырылғанын анықтады.

Бюджеттік және өзге де заңнаманың ұқсас бұзушылықтары республиканың басқа облыстарында тексеріс жүргізу барысында анықталды.

Мәселен, Батыс Қазақстан облысының бюджетіне бөлінген бюджеттік қаражатты пайдаланудың тиімділігін бақылауда жалпы сомасы 25 266,8 млн. теңге болатын бюджеттік және өзге де заңнама бұзушылық, 279,0 млн. теңге сомасында бюджеттік қаражатты тиімсіз пайдалану фактілері анықталды.

Қажетті негіздемелер мен есептерсіз, бюджеттік өтінім негізінде, 2013-2014 жылдары республикалық бюджеттен жалпы сомасы 15 052,9 млн.теңге көлемінде нысаналы трансферттер мен кредиттер, соның ішін-

де аяқталған құрылыс объектісін жүзеге асыруға 229,2 млн. теңге бөлінді.

Бюджеттік кодексті бұза отырып, облыстық бюджет сомасы 1 253,0 млн. теңге болатын 94 бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың қаржыландыруын қамтамасыз етпеген, бұл объектілерді пайдалануға беру мерзімдерінің кідіруі мен Келісім нәтижелерінің нәтижесі бойынша орындалмауының себебі болып табылады.

Жоспарлаудағы жетіспеушіліктер, моноқалаларды дамыту Бағдарламасы бойынша 2012-2020 жылдарға банктердің кредиттерінің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға жобаларды жүзеге асыру мен жаңа өндірістердің дамуына гранттар ұсыну нысаналы трансферттердің игерілмеуіне әкелді.

Мәселен, Маңғыстау облысының бюджетіне бөлінген бюджеттік қаражатты пайдаланудың тиімділігін бақылауда жалпы сомасы 41 990,0 млн. теңге болатын бюджеттік және өзге де заңнама бұзушылық және 1 836,0 млн. теңге сомасында бюджеттік қаражатты тиімсіз пайдалану фактілері анықталды.

Инвестициялық жобаларды нысаналы трансфертер есебінен жүзеге асыру кезінде жергілікті бюджеттен 453,0 млн. теңге бірлесіп қаржыландырумен қамтамасыз етілген жоқ, бұл республикалық бюджеттің қосымша жүктемесіне алып келді. Жергілікті бюджет бағдарламаларының әкімшілері жоғарыда тұрған бюджеттен алынған жалпы сомасы 674,6 млн. теңге нысаналы трансферттердің игерілмеуіне жол берді, бұл нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімде көзделген іс-шараларға қол жеткізбеуге әкеліп соқты.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан лайықты мониторингтің жоқ болуы, Қазақстан Республикасында 2011-2014 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы Бағдарламасы мен «Қол жетімді баспана-2020» бағдарламасы бойынша орта дәрежедегі азаматтарды арзан әрі қол жетімді баспана салу арқылы баспанамен қамтамасыз етудің басты мақсаты толық көлемде жүзеге асырылмады.

«Аққу» шағын ауданындағы тұрғын үй кешенінің салынуы кезінде баспананың 3-ден 4-ші деңгейдегі жайлылыққа өзгерген есептеулеріне байланысты, «Каспий» ӘКК» ҰК» АҚ 347,7 млн. теңге көлеміндегі бюджет кредитінің артық сомасын қайтару жүзеге асырылмады.


Өңірлерде жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижелері, бөлінген трансферттердің толық игерілмеу, оларды нысаналы емес, тиімсіз, ұтымсыз жұмсалуды және республикалық бюджеттің түсімдерінен тәуелділіктің арту фактілерін растайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» Заңының жобасында Есеп комитеті тек бақылау объектісінің қызметіндегі түрлі бұзушылықтарды анықтауды емес, көбінесе қаржылық бұзушылықтарды ескертуді мақсат етеді.

Осыған орай, жаңа экономикалық саясат жағдайында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, мемлекет басшысы белгілеген бюджеттік қаражаттың ашықтығы мен пайдалануының тиімділігін қамтамасыз ету, соның ішінде трансферттердің нысаналы және тиімді пайдалану тапсырмаларын жүзеге асырудың жауапкершілігін арттырулары қажет.







**А. БАЙДӘУЛЕТОВА**  
Астана қаласы бойынша  
тексеру комиссиясының мүшесі

## «АСТАНА – ЖАҢА ҚАЛА» АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ АУМАҒЫНДА ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

*Мақала «Астана - жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының (бұдан әрі - АЭА) елордамыздың экономикалық және әлеуметтік дамуындағы рөліне арналған.*

*Талдау объектісі ретінде Индустриалық паркті дамыту, берілетін салық және кеден артықшылықтарының тиімділігі, АЭА аумағында күрделі қаражат салуды тарту шеңберінде жасалатын мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары қарастырылады.*

*Мақалада өңірді дамытудың инновациялық нысандары, шетелдік инвестицияларды тарту және экспортты ынталандыру арқылы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтудің келелі мәселелері сөз болады.*

Сыртқы экономикалық байланыстарды жандандыру, экономика салаларын қолдау, әлеуметтік проблемаларды шешу, технологиялар және қазіргі менеджмент, инвестицияларды тарту мақсатында әлемдік экономикада түрлі елдердің оқшауланған аумағында шаруашылық жүргізудің арнайы экономикалық-құқықтық жеңілдікті режимі бар арнайы экономикалық аймағын құру тәжірибесі кеңінен таралды.

Дүние жүзінде айрықша танымал болған арнайы экономикалық аймағы бұл АҚШ-тағы «Силикон аңғары» болып табылады, онда әлем бойынша есептеу техникасы және компьютерлердің барлық көлемінің 20 %-ы шығарылады, сондай-ақ Қытай мен Біріккен Араб Әмірліктеріндегі арнайы экономикалық аймақтарды айрықша атап өтуге болады. Мәселен, БАЭ-дегі осындай аймақ (Дубай) экономикалық аймақтардың халықаралық рейтингі бойынша 2014 жылы бизнес үшін ең қолайлы жағдай жасайтын әлемдегі ең озық арнайы экономикалық аймағы болып танылды [1].

Бүгінде Қазақстан Республикасында 10 арнайы экономикалық аймағы құрылды, оның бірі - «Астана – Жана қала» экономикалық аймағы болып табылады [2]. АЭА аумағы 7 634,71 га құрайды [3], оның құрамы-

на алаңы 598,1 га №1 Индустриалды парк, алаңы 433,1 га №2 Индустриалды парк және қалалық жеңілрельсті желі кіреді, оның алаңы 72,41 гектар.

Инвесторлардың іскери жұмысын белсендендіру үшін АЭА аумағында жеңілдікті салық және кеден режимдері қолданылады, инфрақұрылымдық құрылыстар салу үшін, жер учаскелерін (жалға) беру үшін мемлекет жағдай жасауда.

Мәселен, Астана қаласы бойынша мемлекеттік кіріс департаментінің ақпаратында 2010-2014 жылдары АЭА-ның сыртқы экономикалық қызметіне қатысушы кәсіпорындарға жалпы сомасы 80,0 млрд. теңге кеден преференциялары көрсетілген [4].

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес 2012 жылдан 2014 жылға дейін АЭА-ға 53 қатысушыға 6,0 млрд.теңге сомасынан артық салықтық жеңілдіктер берілген [5].

АЭА-ның инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі ауқымды әрі қаржы салуды талап ететін өндірістің дамуы мен қолайлы жұмыс істеуіне, сондай-ақ инвесторлар қаражаты мен несиелік қаржыны тарту үшін шешуші жағдайдың бірі болып табылады.

«Астана – жана қала» АЭА ақпаратына сай қазіргі уақытта Индустриалдық парк кіші станциямен, тарту пункттерімен, ұзындығы 3,4 км. магистралды жылу трассасымен қамтамасыз етілген [6].

АЭА аумағындағы инвестиция тартудың тағы бір стимуляторы «Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтары туралы». Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 469-IV Заңында көзделген тәртіппен қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін жер учаскелерін пайдалануға (жалға) өтеусіз уақытша пайдалануға беру болып табылады.

Бүгінгі күні «Астана – жана қала» АЭА ақпаратына сай Үйлестіру кеңесінің жер учаскелерін пайдалануға (жалға) өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы оң шешімін Индустриалдық парк аумағында жұмыс істейтін АЭА-ға қатысушылардың бәрі алды.

Инвестициялар тартудың жоғарыда аталған тетіктері АЭА аумағында айтарлықтай күрделі қаржының тарылуына мүмкіндік берді.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2015 ж. 1 шілдедегі жағдаймен Арнайы экономикалық аймағына қатысушылардың бірыңғай тізіліміне АЭА-ға қатысушылардың 95-і енгізілген, олардың негізгі үлесі 61 %-тей құрылыста және қалғаны - 39 % -тей өнеркәсіпте шоғырланған. Осы кәсіпорындар құны - 1 201,2 млрд. теңге 124 жобаны іске асыруда. [7]

АЭА іске қосылған кезден қазірге дейін 2 257,6 млрд. теңге сомасында инвестиция тартылды, оның 106,6 млрд. теңгесі немесе 4,7 % шетелдік қаржы салуы, 2 2151,0 млрд. теңге немесе 95,3 % отандық инвестициялардың үлесінде [8].

Соңғы бес жыл ішінде «Астана – жана қала» мемлекеттік кіріс басқармасының ақпаратына сай АЭА-ға қатысушылар 17,0 млрд.теңге салық (ЖТС, шетелдік тұлғалардан ЖТС және ЖС) төледі, Индустриалдық парк кәсіпорындары сомасы 347,8 млрд.теңге өнім шығарған, 3 000-дай жаңа жұмыс орындары ашылған.

АЭА-ны құрудың негізгі мақсаттарының бірі болып табылатын сыртқы экономикалық қызметі шеңберінде 9,1 млрд.теңге өнім экспортқа шығарылған [9].

Астана қаласында инновацияларды дамыту және енгізу үшін Астаны қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 31 мамырдағы № 30-484п қаулысымен АЭА аумағында «Astana Innovations» АҚ құрылды.

Бүгінде «Астана – жана қала» АЭА ақпаратына сай инновациялық кәсіпорындардың (старт-ап-компаниялардың) саны – 16, онда 70 жұмыс орыны ашылды, 2012 ж.- 2014 ж. аралығында 170-тен астам инновациялық жобалар іске асты [10].

Ал талдау көрсеткендей, АЭА қызметінде кейбір проблемалар орын алуда. Мәселен, Индустриалдық паркте инфрақұрылымның дайындығының қажет көлемі толық қамтамасыз етілмеген және пайыздық жағынан 80 % құрап отыр.

Мысалға, автомобиль жолының ұзындығы 18,7 км құрайды немесе керек километрадан 80 %, сондай-ақ су құбыры 23 км немесе 77 %, тұрмыстық кәріз 22,4 км немесе 80 %, жауын шашын кәрізі 33,5 км немесе небәрі 82 %. [11].

Сонымен қатар, «Астана – жана қала» АЭА ақпараты бойынша Индустриалды парктің аймағында істеп тұрған 21 өндірістік кәсіпорынның тек 4 объектісі уақытша жылуды қамтамасыз етілген («Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, «АБК-Мақсат» ЖШС, «Элек-





трово́з құрастыру зауыты» ЖШС, «Тұлпар-Тальго» ЖШС), ал қалған объектілерде жылумен жабдықтау жоқ, сол себепті инвесторлар автономды жылытуды қарастырады.

Инфрақұрылымның құрылыстарын салу бойынша жұмыстардың толықтай аяқталмауының бір себебі 3 жыл (2012ж. мен 2014ж. кезеңі) бойы қаржыландырудың уақытылы қамтамасыз етілмегені болып табылады.

Бұдан басқа, жер учаскелерін пайдалануға (жалға) өтеусіз уақытша пайдалануға беру кезінде оларды ресімдеудің, Үйлестіру кеңесінің жер учаскелерін пайдалануға (жалға) өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы оң шешімін созылыққылығы байқалады, бұның өзі өндірістік жобалардың іркілссіз іске асырылуына кедергі болады.

Жер қатынастары басқармасының деректері бойынша 2015 жылдың 1 жартыжылдығында Үйлестіру кеңесінің жер учаскелерін жалға пайдалануға беру туралы оң шешімін алған 55 объектінің ішінен 17-і ресімдеу сатысында болып отыр [12].

Сонымен қатар, экспортпен тек бір кәсіпорын - тепловоздар шығарушы «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ ғана айналысады, ол құрылғаннан бері жаңа 701 жұмыс орыны ашылды, 172,9 млрд. теңге сомасында өнім шығарылды, Тәжікстан, Украина, Қырғызстан және Түркіменстан секілді елдерге 12 тепловоз экспортталды.

Осы іске қосылған өндірістік кәсіпорындардың талдауы көрсеткендей, АБК «Мақсат» ЖШС-тан (АБК «Мақсат» ЖШС –та 268 жаңа жұмыс орыны құрылды, сомасы 13,1 млрд. теңге өнім шығарылды) басқа барлық кәсіпорындар жобаланған қуатын толық орындамай отыр, ал көбі жоспарланған өндірістің жартысына да қол жеткізе алған жоқ.

Осылайша, АЭА қатысушыларының инвестициялық белсенділігінің оң үрдісіне қарамастан, АЭА қызметіне теріс әсер ететін және шешуді талап ететін жекелеген проблемалар көрініс табуда.

Біріншіден, Индустриалды парк жобалары үшін инфрақұрылымдарды салу кезінде оның уақтылы қаржыландырылуын қамтамасыз ету қажет.



Екіншіден, әкімшілік кедергілерді азайту, атап айтқанда жер учаскелерін ресімдеу үдерісін жеделдету бойынша кешенді шаралар әзірлеу керек.

Үшіншіден, АЭА аумағындағы шетелдік күрделі қаржы салудың шамалы екенін ескере отырып, шетелдік инвесторларға сервистік қызмет көрсетуді жетілдіру бағытында жұмыстарды жүргізу, шетелде сондай-ақ ақпараттық-таныстырылымдық іс-шаралар ұйымдас-тыру қажет.

Төртіншіден, АЭА кәсіпорындарының экспортқа на-шар бағдарлануын (экспорт жасайтын 1 кәсіпорын) ескере отырып, тауар белігілерін ілгерілету, әлеуетті экспорттерларды ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу бойынша іс-шаралар өткізуді қоса алғанда экспортты жылжыту және дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу қажет.

Бесіншіден, жоспарланған өндіріс қуатына қол жеткізуді қамтамасыз ету шеңберінде, жобаларды іске қосу кезінде АЭА – ға қатысушылардың іс-қимылын үйлестіру үшін қосымша құралдар әзірлеу, Индустриалды парктің кәсіпорындары үшін, әсіресе, өнеркәсіптің басым секторларында жобаларын іске асырушы кәсіпорындар үшін олардың шығаратын тауарларын коммерциализациялауға платформаны нығайту бойынша қосымша шаралар қабылдау қажет.

#### Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. DiIntelligence Global Free Zones of the Year 2014
2. ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Инвестициялар комитетінің деректері
3. «Астана - жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік ету басқармасы деректері
4. Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінің деректері
5. Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кіріс департаментінің деректері
6. «Астана - жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік ету басқармасының деректері
7. «Астана - жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік ету басқармасының деректері
8. «Астана - жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік ету басқармасының деректері
9. «Астана - жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік ету басқармасының деректері
10. «Astana Innovations» АҚ деректері
11. «Астана - жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының Әкімшілік ету басқармасының деректері
12. Астана қаласының жер қатынасы басқармасының деректері.





### **А. НҰРСЕЙІТОВ**

*Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті –  
Елбасы қоры жанындағы  
Әлемдік экономика және саясат институты  
Қазақстан Республикасының экономикалық  
зерттеулері  
бойынша жетекші сарапшы,  
э.ғ.к., доцент*

## **ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНСТИТУТЫ: АЗИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАНКІ**

Келесі 2016 жылы өз қызметіне жаңа халықаралық қаржылық институты - **Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі** (АИИБ) жұмысына кіріседі. Ол Азия өндірісінің инфрақұрылымы дамуына қаржылық қолдауды қамтамасыз етуі үшін құрылатын көп жақты жаңа даму банкі.

Жаңа даму банкінің әлеуеті ең алдымен, Қазақстанға мемлекеттік сапары кезінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Назарбаев университетінде 2013 ж. 7 қыркүйекте бастама етіп көтерген «Жібек жолы Экономикалық белдеуі» жобаларын іске асыру үшін пайдалану жоспарланады. Евразия кеңістігіндегі экономикалық байланысын дамыту және кеңейтуі мақсатында Қытай көшбасшысы бірыңғай жол торабын ұсынды. Бұл Тынық мұхитынан Балтық теңізіне дейін көлік магистралын салу, Шығыс, Батыс және Оңтүстік Азияны көлік инфрақұрылымы құрылысын салу жолымен трансшекаралық көлік торабын құру, сөйтіп, аймақ елдерінің өңірлік ынтымақтастығының жаңа моделін жасау. Бұның өзі Жібек жолы экономикалық белдеуінің сауда байланысын арттырады, өйткені осында 3 млрд. халық тұрады және ғаламат рыноктар бар. Сауда-инвестициялық ынтымақтастық дамуы үшін сауда барьерлерін алып тастау, сауда және инвестиция іркілістерін азайту, экономикалық операциялар тездігі және сапасын көтеру мәселесі тұр. Валюта ағындарын ұлттық валюта негізінде есептеулер маңызды және оны күшейту керек. Қытай басқа елдердің орталық банкілерімен өзара валюта алмасу туралы ондаған келісімдерге қол қойды және юань ақшасын АҚШ доллары, евро, жапон иенасы, британ фунт стерлингі секілді халықаралық валюта жасауға ұмтылады. Ұлттық валюта географиясын қолданылуын кеңейту, одан әрі белсенді пайдалануы, оларды алмастыру және ағымдағы және күрделі операцияларда іркілістерді азайту, ақша операцияларының

қабілетін нығайту, елдердің қаржылық тәуекелдеріне қарсы тұруға және өңірлік экономиканың халықаралық бәсекеге қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша Си Цзиньпин өңірлік ынтымақтастық пен көлік инфрақұрылымына, барлық Орта Азия мемлекеттерінің өзара есептесуде ұлттық валютаға өту келісімдерінің қол қоюымен бекітілген, сауда байланысын және валюталық ағынды күшейтуге бағытталған ірі масштабты жоба ұсынды.

Кейінірек ҚХР көшбасшысы, 2013 жылдың қазан айында Индонезияға сапарында «Жібек жолының Экономикалық белдеуі» жобасымен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын құрған, Оңтүстік Шығыс Азия елдері үшін маңызы бар «XXI ғасырдың Теңіздік Жібек жолы» жобасын ұсынды. Шын мәнінде екі жоба да бұл стратегияда маңызды рөл атқарады. Олардың біреуі Орталық Азиядан Ресейге, Еуропаға, Оңтүстік Азия мен Таяу Шығысқа шығатын құрғақ жолды Жібек жолын дамытуға бағытталған, ал екіншісі Теңіздік Жібек жолының мүмкіндіктерін Оңтүстік Қытай теңізі, Малак бұғазы, Үнді мұхитынан Қызыл теңіз және Жерорта теңізіне Атлантикалық және Үнді мұхитының жағалауларына шығу мүмкіндіктерін пайдалануды болжамдайды. Құрғақ жолды Жібек жолы Қытайдың теңіз жолдарынан жоғары тәуелділігін төмендетуге көмектеседі, себебі қазіргі таңда Азия мен Еуропа арасындағы құрлықаралық жүк тасымалдауда теңіз көліктеріне Қазақстан темір жолы компаниясының ақпараты бойынша 98 %-дан аса тасымалдау тиеді.

Мүмкін Қытайдың стратегиялық мақсаты Еуропа, Азия және Африка елдерімен, уақыт өте келе әлемдік экономиканың, сауда мен инвестициялардың басты өсу катализаторы болу үшін күрделі әрі ашық экономикалық байланыс жүйесін құруда болар. Оны жүзеге асыру үшін Қытай жеткілікті қаржылық ресурстарға ие,

ал оның басты активі – әлемнің көп елдерінің бизнесі қол жеткізгісі келетін сыйымдылығы алып ішкі нарығы. Бірнеше тауар түрінен өндірістік қайта өндіру мен Қытайдың жоғары инвестициялық потенциалы тауарларды, қызмет көрсетулерді, капитал мен іргелес көрші өңірлерге жұмыс күшін экспорттаудың өсуіне алғышарт жасайды.

Қытайдың жаңа сыртқы саяси стратегиясының басты элементі инфрақұрылымдық инвестициялардың Азиялық банкі болды, оны құру бастамасы да қытай көшбасшысына тиесілі. Алғаш рет ол туралы 2013 жылы 7 қазанда Балиде өткен Азиялық-Тынық мұхиттық экономикалық ынтымақтастықтың Іскерлік саммитінде сөз қозғады. Ол кезде жаңа қаржылық мекеменің мақсаты экономикалық дамуындағы айырмашылықты қысқарту үшін Азия елдеріндегі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда жәрдемдесу болады деп болжамданды. Басым бағыттағы қаржыландыруға энергетика, көлік, логистика, және ауылдық инфрақұрылым ұсынылды. АИИБ Дүниежүзілік банк пен Азиялық даму банкінің қызметін толықтырып, инфрақұрылымның дамуына көп көңіл бөледі деп ұйғарылған.

Бір жылдан кейін, 2014 жылдың 24 қазанында, Пекинде банктің құрылтайшылары АИИБ-ны құру бойынша өзара түсіншілік туралы Меморандумға қол қойды. Оның құрылтайшылары болып Қытай, Қазақстанды қосқанда тағы 20 азиялық ел болды. Қазандағы кездесудің қатысушылары АИИБ-ның Халықаралық уақытша хатшылығының бас хатшы лауазымына ҚХР-ның қаржы министрінің орынбасары Цзинь Лицюнды тағайындап, жаңа қаржы институтының штаб-пәтерін Пекинде орналастыруды шешті. Банктің бастапқы капиталы іс-жүзіндегі көлемін 10 млрд. долл. толықтырумен 50 млрд. АҚШ долл. құрайтын болады.

2015 жылдың 29 маусымында 50 ел, соның ішінде Қазақстан (қалған жеті ел 2015 жылдың соңына дейін қол қояды) қол қойған АИИБ-ның мекемесі туралы келісім, банктің операциялық қызметін, соның ішінде басқарушылық құрылымды құру мен қызметкерлер құрамын іріктеуді іске қосылуын дайындауға мүмкіндік берді. Жаңа даму банкі 2016 жылдың басында, аз дегенде АИИБ-ға қатысушы 10 елдің ратификация рәсімін өткеннен соң жұмысын бастауы мүмкін.

АИИБ мекемесі туралы келісімге сай, банктің мақсаттары тұрақты экономикалық дамуға жәрдемдесу, материалдық игілікті құру, Азиядағы инфрақұрылым жүйесін, оның құрылысы мен басқа өндірістік секторын инвестиция арқылы жақсарту, сонымен қатар өңірлік ынтымақтастық пен әріптестікті дамыту.

АИИБ-ның басым бағыттағы қаржыландыруы дамып жатқан елдердің – өңірлік мүшелердің инфрақұрылымына, соның ішінде энергетикаға, көлік және телекоммуникацияға, ауыл шаруашылығына, сумен қамтамасыз етуге, санитарлы жағдайларды жақсартуға, қоршаған ортаны жақсартуға, қала құрылысы мен логистикаға инвестициялар болады.

Құрылтай құжаттарында өңірлік акционерлер (Қазақстанды қосқанда 37 азиялық елдер) банк капиталының 75%-ын иеленіп, қалған 25% 20 өңірлік емес елдер (Бразилия, Германия, Франция, Ұлыбритания және

басқа) арасында бөлінеді. АИИБ-ға қатысуға ірі елдер ішінен АҚШ пен Жапония бас тартты.

АИИБ-ның саяси күрсын әзірлеумен болжалдалған-дай банк президенті айналысады, оның міндетін 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, вице-президенттермен бірге, АИИБ-ның Халықаралық уақытша хатшылығының бас хатшысы Цзинь Лицюнь атқарады. Жаңа банктің президенті болып тек Азияның өкілі ғана бола алады.

12 мүшеден тұратын директорлар Кеңесі әрдайым штаб-пәтерде болмайды, бұл басқару деңгейінің иерархиясын қысқартуға мүмкіндік береді. Қытай, Индия және Ресей өкілдері директорлар Кеңесінің тұрақты мүшесі болады. Басқа елдердің өкілдігі жарғылық капиталға салған салымының көлеміне байланысты. АИИБ-ның 75% капиталы Азия мен Таяу Шығыстың еншісіне тигендіктен, олардың өкілдері директорлар кеңесінде 9 орын алады, ал 25% капитал салған ЕО пен басқа өңірлердің елдері 3 орын алады. Директорларды тағайындайтын басқарушы Кеңесі банктің жылдық жиналыстарын өткізетін болады.

АИИБ-ның жарғылық жиынтық капиталы 100 млрд. долл. құрайды. Банк капиталындағы әр елдің үлесі ІЖӨ және салған салымының көлеміне байланысты. Қатысушы елдер салған капиталының бесінші бөлігін төлеулері, ал қалған 80%-ы талап бойынша ұсынулары керек.

АИИБ-ның ірі салымшылары Қытай – 29,78 млрд., Индия – 8,37 млрд. және Ресей – 6,54 млрд. долл. болды. Өңірлік емес ойыншылар арасында көшбасшы болып Германия – 4,48 млрд., Корея Республикасы – 3,74 млрд. және Австралия – 3,69 млрд. долл. болды. Ірі инвесторлар ондығына сонымен қатар Франция (3,37 млрд. долл.), Индонезия (3,36 млрд.), Бразилия (3,18 млрд.) және Ұлыбритания (3,0 млрд.) кірді. Бұл аяда Қазақстанның жарғылық капиталға салған сомасы 729,3 млн. долл. құрады.

АИИБ мекемесі туралы келісімге сай, ҚХР-ға банктің 30,34%, Индияға – 8,52%, Ресейге – 6,6% акциясы тиді. Акциялар мен дауыстар арасындағы айырмашылық, 15% дауыс барлық банк құрылтайшыларының арасында капиталдағы үлесіне қарамай тең бөлінуіне байланысты. Бұл, үш көшбасшыны 40% дауыспен шектеп, акцияның басты иегерлерінің ықпал етуін жақсарту үшін жасалды. Нәтижесінде шешім қабылдауда олар өз саясатын күшпен танытуға мүмкіндіктері болмайды, өйткені ол үшін барлық дауыс бергендердің үштен төрт бөлігі керек.

Маңызды сұрақ болып АИИБ-ның шегінде есептесу валютасын таңдау тұрды. Алғашқыда бір валюта (доллар немесе юань) емес банкте АИИБ азиялық елдері мүшелері үшін қаражат есептеудің валюта себеті негізінде бірнеше ақша ұсынылды. Сол себепті белгілі бір жалғыз валютаны пайдаланудан басқа, АИИБ-ның азиялық мүше елдердің валюталық себет негізінде банкте бөлек есептесу қаражаты енгізілуі мүмкін. Қытай валютасында жасалатын келісімдерге қатысты кредиттер мен есептесулерде юаньды есептесу валютасы ретінде қолданылуы мүмкін. Қазіргі таңда есептесулерді юаньда жүзеге асыру мен АИИБ-ның валюталық себетін қолданудың контурлары ғана пайда болды, бұл

азиялық елдердің ұлттық валюта үлесінің халықаралық инвестицияларда өсуіне әсер етеді.

АИИБ ерекше бағыттағы жобаларды тікелей қаржыландыру үшін арнайы қорлар құра алады. Бұндай қорлар, мысалы, Азиялық даму банкінде бар. Оларды көбінесе Жапония қаржыландырады. АИИБ-ның жарғылық капиталына қоса басқа халықаралық мекемелерден қарызға қаржы ала алады. Бірақ, бас кезінде банк қарыздарды әлемнің нарық капиталынан емес, көбінесе Қытай мен Гонконгтан алатын сияқты.

АИИБ Гонконгтың мүмкіндіктерін халықаралық қаржы орталығы, соның ішінде облигацияларды шығаратын алаң ретінде пайдалануды жоспарлап отыр. Бұл бұрынғы британиялық анклавта бірнеше артықшылықтың болуымен байланысты: біріншіден, бұл жерде қымбат қағаздардың эмиссиясы үшін тиімді шарттармен, дамыған қаржылық нарық құрылды, екіншіден, халықаралық инвесторлар үшін жеңіл қолжетімділік бар, үшіншіден, Гонконг исламдық облигациялар («сукук») шығару бойынша үлкен тәжірибе жинақтады. Бұл Жібек жолының бойында орналасқан көп елдер мұсылман екенін есептегенде өте маңызды және несие процентін алуға және тыйым салынған шариғат заңдарын бұзбай, инвестицияларды пайдамен салуға мүмкіндік беретін, исламдық облигацияларды – «сукук» тартуды жөн көреді. Гонконг - активтері басқару бойынша бірінші деңгейлі қызметтерді көрсететін, негізгі юаньдық оффшорлы нарық екенін есептемеуге де болмайды. Егер логистика тұғысынан қарасақ, қала халықаралық теңіз және әуе тасымалының ірі орталығы. Сол себепті логистика жағынан қарағанда, қала халықаралық теңіз және әуе жүктасымалының ірі орталығы қызметін атқарады. Оның үстіне Гонконгте 30 километрлік ірі инфрақұрылымдық «Гонконг-Макао-Чжухай» теңіз көпірі жобасы іске асуда. Осының бәрі «Бір белдбеу, бір жол» стратегиясы шеңберінде капитал тарту үшін қаржылық алаң болуы мүмкін. Оның үстіне

Гонконг өзі де осындай ірі стратегияның іске асырылуына мүдделі, өйткені ол Азия, Еуропа және Африка сауда және инфрақұрылымы байланысын ұлғайтады. Сол себепті де АИИБ-тің Гонконгтегі өкілдік офисін ашу мүмкіндіктері талықыланды.

Жаңа халықаралық қаржылық институты – Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкінің құрылуы талқылаулар мен қайшы пікірлер мәні болды.

Бір сарапшылар оны АИИБ Жібек жолы қоры және жаңа банк БРИКС дамуы банкімен АҚШ және Жапония шешуші роль атқаратын Әлемдік банк, Азия дамуы банкіне және ХВҚ-на бәсекелес болады дейді. Ал Қытай үшін халықаралық қаржылық институттары арқылы қаражатын инвестициялау дұрыс болады дейді. Бұл тұрғыда АҚШ өз уәдесінде тұрмай, Қытай және басқа дамушы елдерге осы қаржылық институттарға көп құқық берем деген сөзін орындамады. Нәтижесінде Батыс елдері жаңа әлемде бәсекелі бірнеше өңірлі билік және жан жақты қаржылық мекемелер арасында тәуелді болып қалуы мүмкін. Ол үшін осы қаржы мекемесін де және көптен халықаралық қаржылық тәртіпті қолдайтын қағидасын да өзгертуі тиіс. АҚШ және Жапония өздері АИИБ бірігіп құрылуынан бас тартты және себептері қарыз деңгейі, қоршаған орта проблемалары және банк басқарудың мәселелері болды.


Бұдан басқа олар Қытай АИИБ-ті өзінің геосаяси және экономикалық мүдделерін ілгерілету үшін пайдалануы мүмкін деген қауіп бар. Бұндай ұстаным Қытай америка долларының емін еркін билік құруына қарсы өз экономикалық қуатын әлемдік аренада пайдалана ма деген қорқыныштан туындап отыр.

Алайда Қытай ішкі проблемаларға мән беріп, әлемдік аренада жаңа банктердің құрылуы және өңірлік бірлестіктерге бірігуі Батыс мүдделеріне қарсы келмеуі үшін бәрін істеуде. ҚХР барлық ойыншылармен бірдей болуға тырысуда әрі бәрінің мүдделерін және қажеттіліктерін ескеруде.

Басқа сарапшылар, АИИБ инфрақұрылымы дамуын қаржыландыру және әлемдік экономика тұрғысынан қазір бар халықаралық қаржылық ұйымдарының шектеулі мүмкіндіктерін толықтыруы мүмкін.

Сонымен қатар көрнекті экономист Кеннет Рогофф осы тұрғыдағы талқылауларда жан жақты кредиттер даму мақсатында берілсе де дұрыс жұмыс жасамайды және бұл проблеманы қалай шешу керек деген тақырыпқа аз көңіл бөлінеді деп әділ атап көрсетеді. Оның ойынша, даму институты «білім банкісі» ретінде қызмет жасаса,

**Банк капиталының жарнасы, млрд. АҚШ долл.**





табысты жұмыс жасайтын болады, сол себепті жаңа технологиялар және практиканы таратуға тырысуы шарт, ал ең үлкен сәтсіздіктер ұзақ мерзімді даму мақсатына сай келмеген алпауыт жобаларымен байланысты. Оның ең жарқын үлгісі гидроэлектростанцияларын салу болды. Көп жағдайда шығындар о бастағы көлемдерден асып жатады, ал техникалық қызмет көрсету үшін қаражаттар нашар бағланады. Осыған байланысты басқаруы нашар әрі сыбайлас жемқорлыққа жақын елдердің инфрақұрылымдық жобаларынан болатын экономикалық тиімділікті артық бағалау тенденциясы бар да, ал осы үшін алынған кредиттердің ұзақ мерзімді әлеуметтік тұрақсыздығы дұрыс бағаланбайды. Осы тұрғыдағы тәуекелдермен АИИБ де кезігуі мүмкін. Банк жұмысын бағалауда жобаларын қаржыландыруы көлемі бойынша анықтау емес, оларды қалай таңдауы маңызды. Егер де АИИБ өзін «ақша машинасынан» гөрі, «білім банкі» ретінде көрсетсе, осы нақты қосымша құнды әкелмек. АИИБ ең озық тәжірибені негізге алды, соның ішінде Дүние жүзілік банкі және Азия дамуы банкі.

Қытайдың АИИБ құру бойынша бастамасы өз инфрақұрылымын жаңартуы проблемасы бар азиялық елдер үшін уақтылы және маңызды болды. АДБ дегенінше 2020 жылға дейін инфрақұрылымын дамуы үшін Азияның инвестицияларға деген жыл сайынғы қажеттілігі 8 трлн. долл. құрайды, ал инфрақұрылымға инвестициялар салу экономикалық өсуді ынталандырудың тиімді тәсілі. Бір белдеу, бір жол» жаңа стратегиясы шеңберінде АИИБ-қа инвестиция салған басқа ірі елдердің және Қытайдың қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, ол қазіргі халықаралық қаржылық институттардың тарапынан инвестициялардың жетіспеушілігін сезініп отырған әріптес елдердің экономикасының дамуына ықпал етпек. Түптеп келгенде, өңір экономикасының дамуы қытай экономикасына да және сондай-ақ оның әлемдегі жағдайының жақсаруына да оң болады.

Қазақстанның жаңа даму банкіне қызығушылығы Евразиялық кеңістікте инвестициялық және инфрақұрылымдық ынтымақтастықты дамытуда. Оның үстіне Қазақстан өңірлердің ішіндегі Ұлы Жібек жолын жаңғыртуды алғаш бастағандардың бірі болды. Осымен ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны, Ақтау теңіз порты, сондай-ақ «Хоргос» арнаулы экономикалық аймағы арқылы Қытайды Түркіменстан және Иранмен байланыстыратын темір жолы құрылысын салу бастамаларымен байланысты. Қазақстан АИИБ – нің Астана қ. өңірлік хабы болуға тырысады және осында Орталық Азия өңірі үшін халықаралық қаржылық орталық құрылуда.

Қазақстанның өңірлік маңызды мүше ретіндегі мәртебесі АИИБ қаражатына қол жетімділікке кең жол ашады. Сондықтан Қазақстан бұл банкі жұмысында белсенді қатысуы маңызды және нақты инфрақұрылымдық жобаларын ұсынатын болады. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің мәліметінше Қазақстан өкілінің АИИБ жұмысында ел атынан қатысуы мәселесі Банк басқарушылық Кеңесі оның опера-

циялық және кадр саясатын белгілейтін ішкі заңға тәуелді құжаттары қаралған соң шешіледі, ал 2016 жылы банк өз жұмысын бастаған соң, инфрақұрылымдық жобаларының тізімін жолдау жоспарлануда.

Мемлекеттік басшысының 2014 жылғы 11 қарашада Қазақстан халқына Жолдауында ұсынылған «Нұрлы жол» бағдарламасында «Жібек жолы» көлік-логистикалық және қаржылық инфрақұрылымы дамуы көрініс тапты, ал ол Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаңа стратегиясымен үндес. Шынында да оларды бір идеология жақындастырады, басты мақсаты Еуропа және Азия рыноктарын Орталық Азия инфрақұрылымының көмегімен жалғау және осы тұрғыда Қазақстан шешуші және маңызды серіктеске айналуда.

Сонымен қатар, Қытай Еуроодақ және Ресеймен қатар Қазақстанның ірі сауда серіктесі болды. Ұлттық статистика деректері бойынша оның Қазақстанмен тауар айналымындағы үлесі 2000 жылы 6 %-дан 2014 жылы 14,4 % пайызға өсті, 17,2 млрд. долл. жетті. Бұл ретте Қытайда қазақстандық экспорт 9,8 млрд. долл. құрады (экспорт жалпы көлемінің 12,5 %), ал импорт – 7,4 млрд. долл. жуық (импорт жалпы көлемінің 5,6 %).

Алайда Қытайдың экспорт көлемі соңғы үш жылда азаюда, бұның өзі Қазақстан мен ҚХР сауда балансындағы оң сальдоның 4,1 рет есе азаюына әкеп соқты: мәселен ол 2011 жылы 9,8 млрд. долл. 2014 жылы 2,4 млрд. долл. болды.

Қытай Қазақстан үшін тек тауарларды өткізудің ірі рыногы емес, ол және Тынық мұхит арқылы Ляньюньган портымен әлемдік экономикалық кеңістікке шығу жолы, осында 2014 жылы мамырдан бастап Қазақстан-Қытай логистикалық бірлескен терминалы жұмыс істей бастады. Ол Қазақстанның транзиттік әлеуетін көтереді, Азиялық-Тынық мұхит өңірі және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне шығу арқылы экспорт-импорт және темір жолы көлікпен байланысын қамтамасыз етуге, транзиттің қарқынды дамуына жәрдемдеседі,

Қазақстан көрші Қытай елімен тау-кен өндіруі, энергетикалық және ресурс саласында серіктес ретінде ынтымақтасады. Екі елдің стратегиялық серіктестігінің жаңа кезеңі машина жасау және ресурстарды қайта өңдеуін қоса алғанда, экономиканың өңдеуші секторларында ықпалдасудан басталуда. Қазақстан, Орталық Азиядағы басқа көршілес елдермен бірге, мұнай, газ, металл және басқа да шикізат тауарларына алмасу арқылы Қытайдың гидроэлектростанцияларын, өнеркәсіптік кәсіпорындар және тұрба құбырларын алатын болады. Мәселен, Пекиндегі 2015 жылы 31 тамызда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин келіссөздері барысында 45 бірлескен объектілерін құру туралы уағдаластыққа қол жетті, оның ішінде жалпы сомасы 23 млрд. долл. 25 келісімге қол қойылды. Осы келісімдерге байланысты үшін АИИБ және Жібек жолының қорын келесі ынтымақтастық дамуы үшін өндіріс, инвестиция, сауда, энергетика, инфрақұрылымы және жоғары технологиялар секілді салалар салаларда мүмкіндіктерін пайдаланудың маңызы зор.

Мәскеуде өткен 2015 жылы 8 мамырдағы келіссөздері кезінде ҚХР және Ресей мемлекет басшылары

«Еуразиялық жалпы экономикалық кеңістік» құрылуы туралы жария етті. Ол «Бір белдеу, бір жол» жаңа стратегиясымен және Евразиялық экономикалық одақ арасындағы түйісу нүктелері жолымен Ресейден басқа, оның мүшелері болып табылатын Армения, Беларусь, Қазақстан және Қырғызстан ынтымақтастығына жол ашады. ЕАЭО басты мақсаты - бірыңғай кедендік аумақтың шеңберінде тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етуі. Сол себепті ЕАЭО жалпы рыногы «Жібек жолы экономикалық белдеуі» үшін өте маңызды болады, өйткені, онда құрылуы еркін сауда аймақтары, сауда нормаларын стандарттауы және қағидалары, үшінші елдермен сыртқы саудасын тығыз үйлестіру жобалары көзделген. Осындай өңірлік интеграцияның табысты іске асыру жағдайында Қытай евразиялық кеңістікте өз экономикалық үстемдігін нығайтуы сөзсіз. Бұл Қытайдың ресей-қытай одақ құру саясатындағы мықты сауда-экономикалық әріптестігімен шарттасады. Қазіргі Батыс санкцияларымен әлжуаз болған Ресей ахуалы кезінде, ол көршісіне тек энергетикалық ресурстар, минералдық шикізатын және қару-жарақ қана ұсына алады.

Қазір құрылатын жарғылық капиталы 100 млрд. долл. Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялары банкінің мақсаты, ол Дүниежүзі банкімен, Азиялық даму банкімен және ХВҚ бірге азиялық елдердің инфрақұрылымын қаржыландыру үшін маңызды халықаралық институтқа айналмақ. Олардың қатарында Орталық Азия көрші елдерімен бірге Қазақстан да бар. Ол бұрыннан бар қаржылық институттарын ығыстыруға мүдделі емес, керсінше жаңа банк өңірлік экономи-

касын дамуына мүдделі. Сондықтан олардың ортақ күш-жігері Азияның дамуы үшін қосымша үлкен инвестициялар тартуына әкеп соғады. Оның үстіне АҚИБ-ның, Дүниежүзі банкімен және ХВҚ-мен ынтымақтас-тық жолы басталды.

Қазақстан үшін жаңа құрылушы банкке барлық ұйымдастырушылық процедурларды күтпестен өзінің инфрақұрылымы жобаларының тізімін жолдаған дұрыс. Оның үстіне, Қытай жыл сайын шетелдік инвестицияларды қолдау үшін 100 млрд. долл. ақша салуды жобалап отыр. Ағымдағы жылы үшін ҚХР мүмкін АИҚБ арқылы Жібек жолы қоры және БРИКС жаңа даму банкісімен бірге ақша қаржаттарын бөлмек.

Жаңа халықаралық қаржылық институтының құрылуы дүние жүзі экономикасы үшін позитивтік процесс болып табылады, өйткені кедей елдердің жағдайын болысуға және қаражат жіберіп, көмектесуге мүмкіндік береді, ал орташа кірістері бар дамушы елдердің көлік, коммуникациялар және энергетикасын дамыту-ды қамтамасыз ететін болады.

Сондай-ақ ең маңыздысы инфрақұрылымы жобалары тек салған тарапқа ғана пайда әкеледі деп санамау қажет, бір мезетте бұл жобаларды болашақ экономикалық даму коридоры деп түсінуіміз қажет, өйткені құрылатын аймақтардың жаңа өндірісі және әлеуметтік инфрақұрылымы маңайында және де көлік немесе энергетика жобалары да туындайтын болады.

Бұның өзі логистика, жүк ағымдары және көліктер қозғалысындағы өзерістерге, ол жөніндегі көзқарастың жаңаруына әкеледі, әрі мүдделі елдердің бизнес және халық үшін зор мүмкіндіктерін ашады.

#### Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Акижанов С. Казахстан стал одним из соучредителей Азиатского банка инфраструктурных инвестиций // Kazinform. – 2014. – 24 октября.
2. Глава АБИИ пообещал запустить работу банка до конца года // INTERFAX. —2015. – 25 августа.
3. Нехайчук Ю. Азиатский банк инфраструктурных инвестиций возглавил представитель Китая // Ведомости. – 2014. – 25 августа.
4. Зюзин Н. Новый Азиатский банк намерен задействовать финвозможности Гонконга – министр // ТАСС. – 2015. – 20 июля.
5. Казахстану будет принадлежать меньше 1 % акций АБИИ // Курсив. – 2015. – 3 июля.
6. Выступление Председателя ҚХР Си Цзиньпина в Назарбаев университете (полный текст) // Посольство Китайской Народной Республики в Республике Қазақстан. – 2013. – 16 сентября.
7. Сыроежкин К. Экономический пояс на Шелковом пути... с китайскими иероглифами // Байтерек. – 2013. - № 12.
8. Спенс М. китай платит другим за будущее // Ведомости. – 2015. – 6 июля.
9. Коростиков М., Едовина Т. Россию вписали в рецепт инвестиций по-пекински // Коммерсант. – 2015. – 29 июня.
10. Рогофф К. Ненадежная машина: нужен ли миру еще один инфраструктурный банк // Forbes. – 2015. – 3 июля.
11. Китай может получить право вето в Азиатском банке инфраструктурных инвестиций // ТАСС. – 2015. – 16 июня.
12. Исаев А. Китай укрепляет рычаги экономической дипломатии // EastRussia. – 2015. – 29 мая.
13. Комментарий: Разработка Устава АБИИ обладает историческим значением // Агентство Синьхуа. – 2015. – 25 мая.
14. Слотер Э-М. Успех АИВ – дипломатическое фиаско США // Ведомости. – 2015. – 27 мая.
15. В Астане может быть создан региональный хаб Азиатского банка инфраструктурных инвестиций // Казинформ. – 2015. – 15 мая.



**С. ЖАМЫШЕВА**

«Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК  
бас ғылыми талдаушы-консультанты

## ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ СӘЙКЕСТІК АУДИТІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында мемлекеттік қаржылық бақылау органдары алдына ең озық әлемдік тәжірибесі негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру бойынша міндет қойды [1].

Мемлекеттік қаржылық бақылау және мемлекеттік аудитін енгізудің негізгі принциптері және ұстанымдары, сондай-ақ дамыту сатысы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасында көрініс тапты.

Тұжырымдаманы Лима декларациясы және аудиттің халықаралық стандартының басшылық принциптеріне сай келетін мемлекеттік аудиттің заңнамалық және әдістемелік базасын құру, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің тиісті заңнамалық және әдістемелік базасын жетілдіру көзделеді [2].

Тұжырымдамасын іске асыруда «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді.

Мемлекеттік аудиттің негізгі мақсаты экономикалық саясаттың табысты іске асырылуына қолдау көрсету, елдің, өңірдің, саланың және т.б. өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында Есеп комитеті мемлекеттік аудит типтеріне сәйкес мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу арқылы:

1) мемлекеттік аудит объектісінің бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізу дәйектілігін және дұрыстығын, оның ұлттық ресурстарды пайдалану бойынша қызметінің Қазақстан Республикасының бюджет және өзге заңнамасының талаптарына сәйкестігін;

2) мемлекеттік органдар мен республикалық бюджеттен қаржыландырылатын квазимемлекеттік сектор субъектілері сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімі, көлемі, бағасы, саны және сапасы бойынша шарт талаптарының орындалуын;

3) республикалық бюджетке түсетін түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын, бюджетке түсетін түсімдердің алынуын, сондай-ақ республикалық бюджеттен түсетін түсімдер сомасын қайтару дұрыстығын, қате (артық) төленгенін, салықтық және кедендік әкімшілендіру тиімділігін;

4) мемлекеттік төтенше бюджеттің атқарылуын;

5) республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекеттің кепілгерліктерін, активтерін, оның ішінде республикалық мемлекеттік мүлікті пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатының қалыптастырылуын және пайдаланылуын;

7) қаржылық есептілік аудитін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі активтерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен ғана немесе тапсырмасы бойынша пайдаланылуын;

8) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне бөлінген бюджет қаражатын пайдалануын қаржы-экономикалық негіздемеге сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады [3].

Сәйкестік аудиті (қаржылық бақылау) мемлекеттік аудиттің ең бір қауқарлы тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл қызметке аудит объектісі заңнамасын сақтауды, оның қызметін регламенттейтін құқықтық актіні де бағалау кіреді.



Соған орай «ҚБЗО» РМК өткізген «Пилоттық жобасы негізінде тесттен өткен, әдістемелік басшылық әзірлемесін жасай отырып, сәйкестік аудитін өткізудің және жоспарлаудың халықаралық практикасын зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жұмыс шеңберінде шет елдердің ЖҚБЗО—сы нормативтік-әдістемелік базасына, соның ішінде Австралия, Канада, Ұлыбритания, Индия, Сингапур, Швеция, Нидерланды, Германия секілді алыс шетелге және жақын елдер - Ресей Федерациясы, Беларусь, Украина, Эстония, Армения, Әзербайжанның ISSAI сәйкестік аудитін өткізудің стандарттарын енгізудің тәжірибесіне талдау жасалды [4,5].

Жоғарыда аталған елдердің ЖҚБЗО сыртқы мемлекеттік сәйкестік аудитін өткізуді нормативтік-әдістемелік базасын зерделеу және талдау нәтижесінде шетелдік Ресей Федерациясы, Армения және Эстония секілді СҚБ жүйесін реформалаудың мәселесінде Қазақстан Республикасымен о баста бір старттық позицияда болған мемлекеттер тәжірибесін атап өтеміз. Талдау көрсеткендей бұл елдердегі стандарттарды әзірлеу көзқарасында, соның ішінде сәйкестік аудитінің стандарттарын даярлау сатылап жүргізілген. Стандарттарды әзірлеу оны әзірлеу бойынша бекітілген жоспарлары негізінде болды. Осы әзірлемелерінің сапасын арттыру үшін сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын әзірлеу бойынша жұмыс топтары құрылған. Бұл ретте осы елдер заңнамасында ISA және ISSAI стандарттарын қолданылуына сілтеме жасалған.

Ресей Федерациясының Есеп палатасы бақылау және сарапшы-аналитикалық қызметін, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйелік стандартизациясын жүйелік әдістемелік қамтамасыз ету, қалыптастыру және дамыту кезінде Есеп палатасы мемлекеттік аудиттің халықаралық стандартын алдын ала зерделейді.

Ресей сыртқы мемлекеттік қаржылық бақылаудың Есеп палатасы мандатының ерекшелігімен шарттасқан стандарттары жүйесі, INTOSAI стандарттар базасының ауқымдылығын ескереді, сәйкестік халықаралық құжаттардың талаптары және ережелеріне негізделеді.

Ресей Федерациясы Есеп палатасы сәйкестік аудитін қаржылық аудит және тиімділік аудитімен бірлесіп өткізеді.

«Қаржылық аудитін өткізу» СГА 103 стандартында қаржылық аудитін өткізу регламенттеледі, ол бойынша негізгі талаптары белігленген, әрі оларды есептілік аудитін өткізу және заңнамасын сақтау аудиті түрлі сатысында орындау қажет [6].

Ресей сарапшыларының пікірінше, қаржылық аудит мемлекеттік қаражаттарын қалыптастыру және пайдалану заңдылығын қаржылық бақылау типі ретінде қаралуы тиіс, ал тиімділік аудит дегеніміз бұл – мемлекеттік қаражаттары қалыптастыру және пайдаланудың нәтижелерін қаржылық бақылау типі.

Бюджеттің атқарылуының дұрыстығын анықтау есебі және сәйкестік қорытындылары даярлығын кірістер мен шығыстардың бюджеттік заңнамасына сәйкестігіне тексерусіз мүмкін емес, сондай-ақ бюджет саласындағы ережелері және басқа нормативтік құқықтық актілері талаптарын ескеру қажет.

Осыған ұқсас, тексерілетін объект бюджет шығындарын заң және өзге де нормативтік құқықтық талаптарына сәйкестігіне анықтау оның қаржылық есептілігіне аудитін өткізусіз мүмкін емес.

Қазақстан үшін осындай тұрғыдағы ұстаным қолдануы қолайлы әрі мүмкін деп санаймыз, яғни ол бюджеттік үдерістің барлық стадиясында сәйкестік аудитін өткізу. Қаржылық аудит екі өзара байланысты тараптардан тұруы тиіс - қаржылық есептілік аудиті және заңнамасын сақтау аудиті.

Әдетте, ЖҚБЗО қызметін бағалауының басым критеріі болып жалпы танылған аудит халықаралық стандарттары, оларды енгізуі деңгейі және аудиторлардың күнделікті практикасында Тұжырымдамасын пайдалану болып табылады. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары үшін INTOSAI арнайы бейімдеген ЖҚБЗО, ISSAI және INTOSAI GOV секілді Халықаралық стандартын қолдануы және басшылығын әзірлену оларға бастапқы негізгі тұғыры ретінде қызмет етуі тиіс әрі жұмыс процесінде аудиторлардың кәсібилігі мен сапасын арттырады және оларға барша әлемдегі сенімнің нығайуына жәрдемдеседі [7].

Мемлекеттік аудитке көрсетілген елдерде талдау өткізу көрсеткендей, негізінен сәйкестік аудитін өткізу үшін ұлттық стандарттары пайдаланылады, оларды әзірлеу (Ұлыбритания, Канада, Австралия, Индия, Нидерланды, Ресей, Әзербайжан, Германия, Армения) INTOSAI халықаралық стандарттарына негізделген. Эстония, Украина, Швеция, Сингапур, Нидерланды сияқты елдер ISSAI 4100 және 4200 стандартын тікелей пайдаланады.

Барлық елдердің ЖҚБЗО-сы тура немесе жанама, имплементация арқылы, өз қызметінде халықаралық ISSAI 4100 және 4200 стандарттарын пайдаланады. Бұлардың сәйкестік аудитін өткізу кезіндегі және ISSAI 4100 және 4200-лар стандарттарын пайдалану кезіндегі белгілі бір қиындықтарға кездесуі бір бөлек мәселе. Негізгі қиындықтарға мыналарды жатқызуға болады: мәнділігі деңгейінің күрделілігін анықтау, таңдау мөлшерін анықтау, критерилерін таңдау аудиті.

Ал енді ISSAI 4100 және 4200 стандарттарын пайдалануы кезінде ISSAI 4200 стандарттарын іс жүзінде қолдануында күрделілігі бар және сәйкестік аудиті өткізу барысында тәуекелді бағалау күрделілігі болады.

Көптеген елдерге сәйкестік аудиті стандарттарын енгізуі үшін ауқымды жаңа ұғымдар мен көзқарастар санын игеріп алу үшін де әжептеуір уақыт қажет болады.

Мәселен, Нидерландыдағы Есеп Сотында сәйкестік аудитін өткізу үшін ISSAI стандарты пайдаланады, тәуекелдерді бағалау негізінде бақылау объектiсін өткізеді анықтау бойынша талдау жұмыстар (ол 1-1,5 айды құрайды, алдын ала интервью өткізеді, министрліктің, ішкі аудиті қызметі бойынша оның қызметін бағалауды өткізеді, сондай-ақ бақылау мәні министрліктің жаңа саясаты, оның қабылдануы тездігі, жоспарланбаған шығындары болуы мүмкін) жүргізеді [8].

Австралияда ISSAI стандарттары базасында әзірленген Ұлттық стандарты пайдаланылады, ал аралық аудитті пайдалану бойынша бар тәжірибесі оған бұл ұйымдардың ішкі бақылау құралдарын қоса алғанда,

оның қызметі саласындағы ұйымдар және аясы туралы аудиторға дұрыс түсінік алуға мүмкіндік береді және Аудитінің қызметіне (ішкі аудиті) қаржылық есептілікте айтарлықтай қателіктер жасауға тәуекелдерді алдын ала бағалауға және пайдалануға, осылайша аудиторлық тәуекелдерді мәмілеге келетіндей деңгейде азайту үшін жоспарлауға аудит ұйымдарына мүмкіндік береді [9].

Үндістан тәжірибесі де қызық, онда Ұлттық стандарттары, сәйкестік стандарт ISSAI пайдаланылады. Бұл жерде критерий үшін сәйкестік аудиті анықталады [10].

Зерттелетін елдердегі сәйкестік аудиті негізінен қаржылық аудиті және тиімділік аудитімен бірлесе өткізіледі (Ұлыбритания, Канада, Австралия, Индия, Нидерланды, Ресей және т.б.) Бұндай көзқарас, бұл елдердің ЖҚБО пікірінше бойынша, кідірістері мен кемістіктерді азайтуға мүмкіндік береді. Сингапур, Эстония, Украина секілді елдерде сәйкестік аудитін жеке өткізеді. Бұл ретте Сингапур және Украина сәйкестік аудиті шеңберінде сондай-ақ қаржылық аудиті мен тиімділік аудитін де өткізеді.

Сингапурдың ЖҚБО тәжірибесін қарау көрсеткендей, Сингапур ЖҚБО негізгі функциясы тікелей аудитін өткізу болып табылады, ал сәйкестік аудиті мемлекеттік аудитінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сингапур ЖҚБО есеп қызметін зерделеу, мемлекеттік аудитін өткізу көп жағдайда қаржылық аудит және сәйкестік аудитін өткізуге шоғырланғанын көрсетеді [11].

Сәйкестік аудитін өткізудің көзқарасын салыстырмалы талдауда Қазақстан және Сингапур арасында белгілі бір ұқсастықты байқауға болады. Сингапур сәйкестік аудитін жеке өткізеді, сондай-ақ ол қаржылық аудит және тиімділік аудитін бірге өткізеді.

Сондай-ақ көзқарастарды салыстыра қарай отырып, сәйкестік аудитін өткізуде Қазақстан және Украинаның арасындағы белгілі бір ұқсастықты байқауға болады. Украина, Канада және Ұлыбританияға қарағанда, сәйкестік аудитін жеке де өткізе алады, сондай-ақ бірлесе қаржылық аудиті мен тиімділік аудитін өткізеді. Осындай ұстанымды және Қазақстан да пайдаланады. Сәйкестікке бақылау мақсаты мен мәніне қарай, дербес өткізілуі мүмкін, қаржылық есептілік бақылауының тиімділік бақылауын өткізу құрамдас бөлігі болуы да мүмкін (Республикалық бюджет атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Төрағасының 23.12.2013 ж. №246 н/к. Бұйрығына №1 Қосымшасы). Сәйкестік аудитін, егер ол дербес өткізілсе бақылау материалдарымен егжей-тежгейлі танысуды қарастырады, соның ішінде бюджет қаражаттары түсімдері және оларды пайдалану операцияларын бақылау объектісі орындауы кезіндегі заңнамасы нормаларын сақтауды нақтылы сәйкестікке бақылау.

Сонымен бірге Украина Есеп палатасы сәйкестік аудитін бір кешенде өткізеді. Кешенді аудитке, өз кезегінде, көп немесе аз дәрежеде қаржылық аудиті және сәйкестік аудит пен тиімділік аудитінің элементтері кіреді. Бұндай көзқарасты бірлестіре қолданылуы Қа-

зақстанға келіңкіреді және бұл сөз жоқ зерделенетін мәселесін тұтастай алуға мүмкіндік береді, проблеманы қаржылық, заңнамалық қамтамасыз ету көзқарасы, іске қосылған тетіктерін іске асыру және ұйымдық құрылымдық пысықтау тұрғысынан көруге жәрдемдеседі.

Мәселен, Швецияда жоғары бақылау органы функциясын пайдалану мәселесінде тәжірибесі бар әрі озық көзқарас. Мемлекеттік қаржылық аудитінің органы ұйымдастырушылық құрылымдық кәсіби құраушысы мына секциялары:

1) қаржылық аудиті (кәсіпорын және мекеменің жалпы қаржылық жай-күйін талдау; нормативтік-реттеуші құжаттардың ережелерін сақтауды тексеру);

2) әкімшілік қызметі аудиті (үнемділік және тиімділікті анықтау, көрсетілетін қызметтерді бағалау сапасы және саны, бақылау объектісінің қойылған мақсатқа қол жетуін талдау, заңнамасына сәйкестік);

3) мемлекеттік бақылаудың компьютер және бухгалтерлік жүйесінің аудиті.

Аудитті жүргізу бойынша қорытындылар (есеп) жасау кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша кәсіби шешім жасауда қателіктерге ұрынуы қауіпін болдырмас үшін кәсіби тұжырым есепке алынады [12].

Қазақстан үшін аталған тәжірибесі мемлекеттік аудит бағыттарын нақты шектеу және аудиторлардың кәсіби тұжырымын есепке алуы негізінде аудиторлардың жауаптылығы арттыруы тұрғысынан қызығушылық тудырады.

Көптеген ЖҚБО кәсіби тұжырым пайдалану тәуекелін өзіне әзірге алмайды және ол сәйкестік аудитін өткізуде дәстүрлі көзқарасты негізге алуда.

ISSAI халықаралық стандарттарын сәйкестік аудитін практикада өткізу кезінде енгізуі және пайдалану проблемасы бар. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- халықаралық стандарттары теориясы және практикасы арасындағы жеткіліксіз байланыс;


- бұл аудит типі туралы «дұрыстылығын» анықтау қиындықтары және ол бойынша одан әрі түсіндірмелері;

- басшылық принциптері сот функциясына толыққанды және жеткілікті негіз бермейді;

- сәйкестік аудиті кезіндегі ақылға сыйымды және шектеулі сенімділікті анықтау үшін басшылықтың болмауы.

Сонымен қатар барлық мемлекеттер сәйкестік аудитін өткізу бойынша басшылық әзірлемелеріне шығармашылық көзқараспен қарайды. Осы бағыттарында олар мемлекеттік саясатпен байланысты салалар мәселелері, мемлекеттік бағдарламалары әзірлемелері және іске асыруы бөлігінде тиісті зерттеулер өткізеді.

Сәйкестік аудитін өткізу бойынша барлық басшылықтарда бірқатар бірізді іс-қимылдар қаралған, олардың нәтижелері сәйкестік аудитор құжаттарында ресімделеді. 1-сызбада сәйкестік аудитін ұйымдастырудың сызбасы көрсетілген.



Сәйкестік аудитін анықтаудың негізгі принципіалды ұстанымдары, қағидаттары, мақсаттары зерттелетін мемлекеттерде бірдей. Тұтастай алғанда, барлық стандарты және басшылықтар ISSAI 4000, 4100 және 4200 стандартына сәйкес және бағдарланған. Ал сәйкестік аудитін өткізу басшылығы бойынша алсақ, практикалық ұсыныстар сәйкестігі аудитін өткізу бойынша барлық сатысында сәйкеседі. Алайда, барлық қолда бар басшылықтарында сәйкестік аудитін өткізудің нақты критерилері жазылмаған.

Осылайша барлық зерттелетін мемлекеттердегі аудитті өткізу сатысы бірдей. Сонымен қатар, ұсынбалардың атқарылуын бақылауға бағытталған келесі іс-шараларын өткізудің кезеңдігіне қатысты ғана айырмашылықтар бар. Жекелеген мемлекеттерде келесі іс-шаралары үш жылда бір рет, басқа уақытта төрт жылда бір рет жүзеге асырады, бұл ретте тұтастай алғанда қайталама аудиті кезіндегі аудиторлар ұсынбалардың атқарылуына назар аударатынын көрсетуіміз қажет.

Қазақстан Республикасының ұлттық ерекшеліктері, әлеуметтік-экономикалық дамуына орай INTOSAI стандарттарын трансформациялаудың әдістерін пайдалану ұсынылады. Бұл ретте:

1. халықаралық ISSAI стандарттарын сәйкестік аудитін өткізу практикасын енгізуі және пайдаланудың күрделілігі және проблемасын ескеру.

Қазақстандағы сәйкестік аудитінің әзірлемелері және нормативтік-әдістемелік базасын қалыптастыруда негізге қолда бар құрылымдық стандарт және әдістемелік басшылықты алуы орынды.

Сондай-ақ, Стандарт және Басшылық бойынша сәйкестік аудитін өткізуде шешуші критерий сәйкестік және имплементация қажет.

2. МҚБ жүйесін реформалау мәселесінде Қазақстан Республикасымен бірдей старт позициясында болған елдердің тәжірибесін (Ресей Федерациясы, Украина, Армения және Эстония) ескеру.

3. Қолданыстағы бақылау аппаратын даярлау және жұмыстары тәжірибесіне негізінен қаржылық-бюджеттік саласындағы бұзушылықтар және сәйкессіздіктер анықтауы бойынша ие екенін ескеріп, шетелдік елдердің сәйкестік аудитінде пайдаланалатын аналитикалық әдістері және рәсімдерді қадамдап сипаттауы бар нақтыланған ұсынымдар әзірлемелерін жасауға акцент болуы орынды.

4. Бүгінгі күні Қазақстан үшін ЖҚБО практикасына жеке сәйкестік аудитін өткізу анағұрлым қолайлы. Келешекте сәйкестік аудитін қаржылық есептілік аудитімен біріктіруді енгізу – бұл Қазақстан аудитін дамыту перспективасында бар, ол ең алдымен бақылаушы аудиторлардың кәсіби даярлау деңгейін көтеруді жобалайды.

5. Қазіргі заманғы практикасы (Канада, Австралия, Германия және т.б.) бар елдердің жинақтарын және мемлекеттік басқарулары саласындағы сәйкестік аудиті бойынша қолданылған критерилерін (Ұлыбритания) аударуы жолымен ең озық әлемдік тәжірибесінің кітапханасын қалыптастыру орынды.

Сәйкестік аудиті тәуелсіз, объективті және сенімді болуы тиіс. Бұл ретте аудиттің объектісі қызметін реттеуші нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес аудит объектісі кезінде жұмыс істей ме, немесе нақты атқарылуда ма деген мәселе анықталуы тиіс.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауы;
2. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы;
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1446 қалусымен Қазақстан Республикасының Парламентіне қарау үшін енгізілген «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы;
4. Басқа да елдердегі мемлекеттік аудиті Ұйымдарының сайты (ucebникonline.com);
5. Официальные сайты ВОФК указанных стран;
6. «О Счетной палате Российской Федерации», Федеральный закон от 5 апреля 2013 г. № 41-ФЗ;
7. Жоғары қаржылық бақылау органдарының Халықаралық стандарты үшін (ISSAI) шығарылған Жоғары қаржылық бақылау органдарының сайты. (INTOSSAI)// www.intosai.org.;
8. Госфинансы в Нидерландах - [http://www.rijksacademie.nl/files/010%20afbeeldingen%20content/0000%20Boekenreeks/Public%20finance%20in%20the%20NL\\_webversie.pdf](http://www.rijksacademie.nl/files/010%20afbeeldingen%20content/0000%20Boekenreeks/Public%20finance%20in%20the%20NL_webversie.pdf);
9. Австралийский нацфонд аудита - <http://www.anao.gov.au/->;
10. Офис Генерального аудитора и контроля Индии; <http://www.saiindia.gov.in>;
11. SSA-Singapore Standards of Auditing(<http://caa.isca.org.sg/standards/ssa>);
12. Официальный сайт ВОФК Королевства Швеции ([www.riksrevisionen.se](http://www.riksrevisionen.se)).





### Ә. ҚАРИ

«Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК ғылыми талдаушы - консультанты

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторанты

## СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ТАЛДАМАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ РӨЛІ ТУРАЛЫ

*Қазақстандағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің мемлекеттік аудит жүйесіне көшу үдерісі мемлекеттік аудиттік үш негізгі нысанын бөліп қарауды көздейді: қаржылық есептілік аудиті, тиімділік аудиті және сәйкестік аудиті. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибе көрсеткендей, сараптамалық-талдамалық іс-шаралары Жоғары қаржылық бақылау органдары қызметінің маңызды құраушы бөлігі болып табылады. Қазақстандық практикада бақылау іс-шаралары үстем болып келеді, сонымен бірге, сараптамалық-талдамалық іс-шаралары іс жүзінде жүргізілмейді. Осы мақалада автор сараптамалық-талдамалық іс-шаралардың қолданылуы мүмкіндігі мен оны бақылау органдарының қызметі практикасына енгізу ықтималдылығына талдау жасайды.*

Қазіргі кезең Қазақстан экономикасының дамуы үшін сыртқы факторлардың айтарлықтай нашарлануымен сипатталады. Дүниежүзілік экономикалық өсімнің қарқыны бәсеңдеуі, мұнай бағасының төмендеуі, сондай-ақ интеграциялық процестердің әсері Қазақстан үшін айтарлықтай қауіп-қатер туғызып отыр. ҚР Үкіметі мен Ұлттық банктің бірлескен мәлімдемесі, сондай-ақ Мемлекет басшысының ү.ж. ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде берген тапсырмалары, алдағы кезеңдегі еліміздің экономикалық саясатын және аталған тәуекелдердің әсерін азайтуға тетіктерін айқындайды [1].

Қолданылатын шараларды шартты түрде мынадай үш топқа бөлуге болады:

1) Экономикалық өсімді ынталандыруға бағыттау (контрциклдік экономикалық саясат): бұл инфракұрылымды дамыту және отандық бизнесті қолдау бойынша бағдарламаларды іске асыруды көздейді.

2) мемлекеттік шығыстарды оңтайландыруға бағыттау: мемлекеттік органдардағы және квазимемлекеттік секторлардағы субъектілердің шығыстарын қысқартуды көздейді.

3) қаржылық жүйесін нығайту және банкілік секторды сауықтыруға бағыттау: проблемалы кредиттердің

үлес санын азайтуды және қаржылық рынокты реттеудің тетіктерін жетілдіруді көздейді.

Ресей Федерациясы жыл басынан бері әлдеқайда күрделі экономикалық ахуалда қала отырып, сондай дағдарысқа қарсы жоспар қабылдады. Олардың қолданып жатқан шаралары Қазақстанға ұқсас және ол кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығын қолдауға, импорт алмастыру және экспортты ұлғайту, банк жүйесін нығайту, сондай-ақ мемлекеттік шығыстарын қысқартуын қарастырады [2]. Ресей дағдарысқа қарсы жоспарын іске асырудағы мемлекеттік аудит органдарына көзделген рөлге назар аударған жөн. Ресейлік дағдарысқа қарсы жоспарына орай Ресей Үкіметінің дағдарысқа қарсы тұру бағдарламаларының іске асырудағы қызметіне мониторингі жүзеге асыруы РФ Есеп палатасына жүктелген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан экономикалық өсуді қолдау үшін, соның ішінде «Нұрлы Жол» бағдарламаларын іске асыру үшін бөлінген айтарлықтай қаражат көлемі Қазақстандағы мемлекеттік қаржылық бақылаудың функциясын күшейтуді талап етеді. Қазіргі қолданыстағы қаржылық бақылау жүйесін мемлекеттік аудитке ауысуы арқылы өзгертуі, озық әдіснаманы, бақылау және бағалаудың жаңа құрал-

дарын енгізу бұл мемлекеттің бақылау функциясын нығайтуға ықпал етуі тиіс.

Қазақстанда Мемлекеттік аудитті енгізудің тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік аудит экономиканың дамуындағы мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік секторы субъектілерінің қызметін немесе оның жеке салаларын, мемлекеттік басқару аясын бағалауды жорамалдайды, бұның өзі басқарудың тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қаражат пен активтерді пайдаланылуының тиімділігін көтеруге уақтылы ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта өтіп жатқан қаржылық бақылау жүйесін реформалау процестері ең алдымен, талдамалық құрамды нығайтуды көздейді, бұның өзі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметінің практикасында сараптамалық-талдамалық іс-шаралардың маңызын арттыру дегенді білдіреді. Бұл мынадай бірнеше себептерге байланысты:

1) Осы бақылау іс-шараларының мәнінің өзі оны өткізу үшін белгілі бір оқиғаның аяқталуы фактісі болуын көздейді, бұл айтарлықтай формалды рәсімдерді сақтау қажеттілігіне байланысты қиындатылған жайт. Бұл ретте сараптамалық-талдамалық іс-шаралары көбірек икемді қасиетке ие және жедел сипатта болады. Содан келіп, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар дер кезіндегі үлкен басқарушылық ықпал етуші әлеуетке ие болып, бұның өзі дағдарыс жағдайларында өзекті бола түседі.

2) сараптамалық-талдамалық іс-шараларын тек аяқталу фактісі бойынша өткізу емес, және де сонымен қатар оны әлеуеттік тұрғыдан мүмкін сценарилеріне қатысты жүргізуге және бағалауды жасауға да болады. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы бюджеттің алдағы кезеңге шығыстарын қысқарту туралы тапсырма берді. Мемлекеттік шығыстарды қысқарту үдерісінде ең бірінші кезекте, бұл шығыстардың тұтастай алғанда елдің экономикалық дамуына және оның жекелеген салаларына мультипликациялық тиімділігін ескеру қажет. Бұл дағдарыс жағдайында өзекті болады және экономикалық интеграция жағдайында айрықша өзектені түседі. Біздің ойымызша, секвестірлеудің тиімділігін арттыру мақсатында мультипликативтік тиімділігі тұрғысынан, сыртқы бақылау органдары бағдарламаларын бағалауын өткізу қажет. Осы бағдарламаларды кешенді бағалауын өткізуді тек бақылау іс-шаралары шеңберінде іске асыру мүмкін емес және осындай сараптамалық-талдамалық іс-шараларды өткізуді талап етеді.

3) Бақылаудың әлеуеті аясын кеңейтуі. Қазіргі уақытта Қазақстанның экономикасында нақты секторды орталықтандыру ісі орын алып отыр. Бұл ретте квазимемлекеттік сектордың үлесі оның айтарлықтай көп бөлігін құрайды. Сонымен бірге мемлекеттік қаржылық бақылау аясына, тек квазимемлекеттік секторы субъектілердің қызметінің республикалық бюджеттен бөлінген қаражат бөлігіндегі шығыстары ғана жатады. Осыдан келіп мынадай қарама-қайшы ахуал туындап отыр, мемлекеттік меншіктің негізгі бөлігі және бағалау мен оның пайдаланылуының тиімділігі бақылаудан тыс қалуда. Осындай бағалауды бақылау іс-шараларының

шеңберінде жүзеге асыру қиындау, сонымен бірге сыртқы бақылау және мемлекеттік аудит органдарының сараптамалық-талдамалық іс-шаралары шеңберінде тиімділігін бағалауды өткізу әбден мүмкін болады.

Сараптамалық-талдамалық қызметінің анағұрлым қажеттілігі сыртқы мемлекеттік аудиті органдарының қызметімен байланысты болып келеді. Бақылау органдарының қызмет практикасы көрсеткендей, анық көрінетін әлеуетті артықшылықтарына қарамастан, сараптамалық-талдамалық іс-шаралары бақылау органдарының функцияларын нысаны ретінде іске асырудың, сирек таралған және аз қолданылады. Біздің ойымызша, бұл бағалау өткізу үшін тиісті әдіснама мен құралдардың болмауымен байланысты болып отыр. «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеулер институты» РМК 2014 жылы осы тақырып бойынша зерттеулер өткізді. Осы мақалада біз аталған зерттеулердің кейбір тұжырымдарын атап көрсеткіміз келеді.

Жоғары қаржылық бақылау органдарының (бұдан әрі - ЖҚБО) сараптамалық-талдамалық қызметін өткізу және регламенттеудің шетелдік тәжірибесін зерделеу Қазақстандағы сараптамалық-талдамалық іс-шараларды өткізу туралы белгілі бір тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осы зерттеулердің барысында АҚШ, Ұлыбритания, Грузия, Латвия, Сингапур, Малайзия, Канада, Франция, Ресей секілді он бір елдің тәжірибесі қарастырылды. ЖҚБО-ның Сараптамалық-талдамалық қызметі барлық қарастырылған елдерде, Ресей Федерациясынан басқасы заңды түрде және әдіснамалық тұрғыдан арнайы регламенттелмеген. ЖҚБО-ның қызметін реттеуші тиісті нормалар заңдарда жоқ, сондай-ақ сараптамалық-талдамалық іс-шараларды өткізу үшін онда көзделуі әдіснамасы мүмкін стандарттары және қағидалары болмайды.

ЖҚБО қызметінің нәтижелері болып табылатын аудиторлық есептер, талдамалық баяндамалар, жылдық есептер сияқты талдау құжаттары, мемлекеттік аудит институт ретінде әбден қалыптастырылған елдерде бақылау органдары сараптамалық-талдамалық жұмыстарын тиімділік аудитін өткізуі процесінде жүзеге асырады деп тұжырым жасауға болады.

Тиімділік аудитін өткізуге байланысты стандарттарын зерделеу, толық көлемдегі тиімділік аудитін өткізу сараптамалық-талдамалық іс-шараларын өткізуге қажеттіліктің болмауына әкеп соғады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді, өйткені сол тиімділік аудиті дегеніміздің өзі талдамалық жұмыстарынан тұрады. ЖҚБО-ның ашықтығы, аудиттің нәтижелерін сараптамалық қоғамдастықтың талқылауға қатыса алуы, тәуелсіз сарапшылардың және рейтингтік агенттіктердің белсенді қызметі біздің ойымызша, шет елдердің ЖҚБО-сында сондай-ақ қосымша сараптамалық-талдамалық жұмыстардың қажеттілігі болмауына да әкеп соғады.

Ресейде Есеп палатасы сараптамалық-талдамалық іс-шаралары секілді мемлекеттік аудиттің нысанын белсенді түрде қолданады. 2014 жылы онда 96 сараптамалық-талдамалық іс-шара өткізілген. ЖҚБО-ның тиімділік аудиті қолдануының таралуы мен сараптамалық-талдамалық іс-шараларының арасындағы белгілі бір тәуелділік байқалады [3]. Ресей Федерациясын-

да 96 сараптамалық-талдамалық іс-шарасын және 3 тиімділік аудитін өткізу фактісі, ал Австралияда осы кезеңде тиімділіктің 58 аудиті өткізілгені [4], бұл даму тарихы ұзақ елдерде мемлекеттік аудиттен тиімділік аудиті артық тұрады деген тұжырымды растайды.

Осылайша, сараптамалық-талдамалық қызметін өткізуге қажеттілік тиімділік аудитіне бір сәтте ауысудың мүмкін еместігіне байланысты деген тұжырым жасауға болады. Сонымен бірге Грузия және Латвия секілді елдердің тәжірибесіне сүйенсек, ондай мүмкіндік бар екенін көреміз.

